



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚАЗІР ТОЙМЕН ЕМЕС, ОЙМЕН ЖАРЫСАТЫН ЗАМАН



Сурет интернеттен алынды

Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеуді үйлестіру, өткізілетін салтанатты іс-шараларды реттеу мақсатында 1999 жылғы 28 қыркүйекте Үкіметтің «Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» қаулысы шыққан болатын. Соған сәйкес, республикалық деңгейде аталып өтілетін мерейтойлар реті белгіленген.

Енді осы қаулыға сай 2021 жылы республикалық деңгейде өткізілуі мүмкін мерейтойлық және атаулы күндерге шолу жасап көрейік. Олардың ең бастылары әйгілі халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы (28 ақпан), «Жас Алаш» газетінің 100 жылдығы (22 наурыз) мен қазақтың атақты палуаны Қажымұкан Мұңайтпасовтың 150 жылдығы (7 сәуір) мен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы (16 желтоқсан) болып отыр.

(Соңы 2-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



Нұржан МАХАМБЕТОВ,  
Шымкент қалалық Әділет  
департаментінің басшысы:

## «ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ПАРЫЗ»

– Нұржан Әлиханұлы, 2020 жылы міне карантиндік режимде аяқтадық. Әділет департаменті жұмысына пандемияның қандай әсері болды? Жылды қалай аяқтадыңыздар?

– Пандемия барлық мемлекетке сынақ болды. Біз бұл қиындықты міндетті түрде елмен бірге еңсереміз. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында – заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайтындығын жеткізген. Осы орайда цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы екендігін айтқым келеді.

(Соңы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

## ДИПЛОМ БАР, ЖҰМЫС ЖОҚ: КІМ КІНӘЛІ?

**Т**ӘРТ ЖЫЛ УАҚЫТЫҢЫЗДЫ БІЛІМГЕ АРНАП, БІЛДЕЙ БІР УНИВЕРСИТЕТТІ ТАЯҚТАП, АЛҒАН КҮРЕКТЕЙ ДИПЛОМЫҢЫЗ КӨДЕГЕ АСПАЙ ҚАЛСА, КІМ КІНӘЛІ? УАҚЫТ, ҚАРАЖАТ, МАМАН АТАНУҒА ДЕГЕН ЖІГЕР МЕН ЕҢБЕК ЖЕЛГЕ ҰШТЫ. АЛ СІЗДІҢ АРЫ ҚАРАЙ ӨМІР СҮРУІҢІЗГЕ ЖҰМЫС КЕРЕК... БІРАҚ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕРТІ СІЗДІ ДЕ АЙНАЛЫП ӨТПЕДІ. БҰҒАН КІМ ЖАУАПТЫ? ДИПЛОМ БЕРГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ МА, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН ЖАБУҒА БІЛЕК СЫБАНА КІРІСКЕН ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ МЕ, ӘЛДЕ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ТИІС ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ МЕ?

Қазір кез келген елдің әлеуметтік әлеуеті ондағы халықтың жұмыспен қаншалықты қамтылғандығымен де өлшенетіні белгілі. Өйткені экономикалық өсуге жұмыссыздықтың тигізер әсері айтарлықтай зор. Ал жоғары білім алу – жұмысқа тұрудың жолы. Бірақ бүгінде оқуды бітіргенмен

арнаулы құжаты сандық түбінде шаң басып жатқандар қатары көп екені жасырын емес. Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесінің уақыт өткен сайын өзектілігі артуда. Тіпті, ресми орындар да жұмыссыз жастар қатарының артқандығын жоққа шығармайды. Дегенмен мәселені толыққанды шешу



ОНЛАЙН «ЛАЙКАН»  
ОФФЛАЙН БЕДЕЛ АРТЫҚ

3-бет



ҰРАННАН ІСКЕ КӨШЕТІН  
КЕЗ КЕЛДІ

6-бет



ҚАҚЫРЫҚ

8-бет

## АЗАМАТТАРДЫҢ СЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

ОЙ ТАЛҚЫ

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, саясаттанушы:

– Тек Қазақстанда ғана емес, бүкіләлемдік тәжірибеде саяси процестердегі сандық технологияның рөлі артып келеді. Соңғы бес жылда Қазақстандағы әлеуметтік желілердің саясиалануы – бұл негізгі тренд. Әлеуметтік желі мемлекеттің, халықтың санасатын бір платформасына айналды. Мұның екі жағы бар. Біріншіден, әлеуметтік желі Қазақстандағы он сегіз миллион халықтың пікірін білдірмейді. Өйткені еліміздегі интернетке қолжетімділік өзге елдермен салыстырғанда өте төмен. Яғни әлеуметтік желідегі белсенділікті ары кеткенде еліміздегі үш миллион ғаламторды белсенді қолданатын азаматтар деп өлшеуге болады. Сондықтан бүкіл ресурсты, бүкіл саяси жарнаманы, сайлауды компанияны тек әлеуметтік желілермен, оның ішінде Фейсбук, твиттер, инстаграммен өлшеу, соған сену қате.

**С**айлау десе халықта сенімсіздік «менің даусым ештеңе шешпейді ғой» деген енжарлық бар. Қоғамның саяси белсенділігін арттыру үшін не істеуіміз керек? Үміткерлердің әлеуметтік желідегі белсенділігі сайлаудың әділ өтуіне қаншалықты әсер етеді?

Мырзабек БЕКБЕРДІ, заңгер:

– Үміткерлер халық сеніміне ие болуға тырыспайды. Сондықтан халықта да сайлауға, депутаттарға деген сенім қалыптаспаған. Үміткерлер тек сайлау кезінде ғана белсенділік танытады. Басқа уақытта олардың халықпен, қоғаммен ісі жоқ. Берген уәделерін де ұмытады.

Ресейдің телеарналарында белгілі бір мәселені көтереді. Сосын сол аймақтан сайланған депутаттар мәселені аяғына дейін жеткізу үшін жауаптылықты депутат мойнына алады. Одан соң сол депутат көтерілген мәселені аяғына дейін жеткізіп, телеарнаға шығып, есеп береді. Нәтижесінде аймағынан шыққан депутатты сол аймақтың тұрғындары жақсы таниды. Келесі сайлау кезінде де қуана барып, сол депутатқа дауыс береді. Депутаттың да сайланған аймағында абыройы артады.

ды сол мәселе көтеріліп отырған хабарға шақырады. Хабар соңында көтерілген мәселені аяғына дейін жеткізу үшін жауаптылықты депутат мойнына алады. Одан соң сол депутат көтерілген мәселені аяғына дейін жеткізіп, телеарнаға шығып, есеп береді. Нәтижесінде аймағынан шыққан депутатты сол аймақтың тұрғындары жақсы таниды. Келесі сайлау кезінде де қуана барып, сол депутатқа дауыс береді. Депутаттың да сайланған аймағында абыройы артады.

(Соңы 3-бетте)

# ҚАЗІР ТОЙМЕН ЕМЕС, ОЙМЕН ЖАРЫСАТЫН ЗАМАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлық күндерге қатысты мәселеге ҚР Президенті халыққа арнаған Жолдауларында арнайы тоқталған. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Токаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын Жолдауында: «Ендігі жылы бәріміз әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өтеміз. Мерейтой барысында ысырапшылдыққа жол бермей, ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында дәріптеуіміз керек. Сондай-ақ, ең маңызды мереке – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты тиісті іс-шараларды іске асыруымыз қажет. Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты нағыз

отаншылдыққа тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін» деген болатын.

Ал былтыр 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталатын Жолдауында: «келер жылы тәуелсіздігімізге 30 жыл болады. Бұл мерейлі дата – Егемен еліміз үшін аса маңызды меже. Бұл – жаңа тарихи кезеңнің басы» деді. Сонымен қатар, «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және

жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс» – деп қоғам үшін маңызғы зор мәселені жұртшылық назарына ұсынды.

Өкінішке орай ұлтты жаңғырту ұзаққа созылатынын ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев та айтқан болатын. «Жалаң тойшылдықтан, жел-ұшты сөзден ештеңе шықпайды. ... Біз тойларды тарихтан тағылым алу, ұлылықтан ұлағат алу үшін өткізуіміз керек. ... Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да, мерейтойы да кейінгіге үлгі. Ал үлгіге қарап ұрпақ өседі. ...Ең бастысы той тойлау емес, ой ойлау. ... Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» деген Елбасының сөзі әйтсе де, ешкімге сабақ болмаған сияқты. Оны мерейтойлар мен атаулы күндердің әрдайым бір сарында, бір сценариймен өтуінен де аңғаруға болады. Бұдан бөлек рухани мәдениетті дамытуға, мемлекеттің қалыптасуы мен

нығаюына зор үлес қосқан және ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары көбіне аудан, облыс деңгейінде ғана атап өтіліп, бұл басқа аймақтарға қатысы жоқтай атаусыз қалып жатқанына көз үйрене бастады. Мерейтой ұйымдастыру кейбір шенділер мен оның айналасындағы белгілі бір адамдардың кәсібіне, қосымша

табыс табу көзіне айналғанын айтып жүргендер де аз емес.

Сондықтан да Тәуелсіздіктің 30 жылдығы жетістікті тізбелеп, мерей-тойлық медаль тарату үшін ғана атап өтілмей, барымызды бағалап, жоғымызды түгендеп, болашақты бағдарлау үшін мазмұн мен пішін жағынан да тың өзгерістерді қажет ететіні күмәнсіз.

## Сіз не геүйсіз?

Асқар НАЙМАНТАЕВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

– *Кез келген мерейтойдың жақсы жағы да, көлеңке тұсы да бар. Кемшіліктің көптігі көңілді күнті ететіні де жасырын емес. Өнер саласынан мысал келтіріп айтатын болсам Қазақ хандығының 550 жылдығы деген кезде облыстық деңгейдегі театрдың барлығы хандық туралы бір-бір спектакль қойды. Көпшілігі өміріең болған жоқ. Тоқтап қалды, көрерменге көрсетуге ұят болды. Бірақ соған ақшаны алуға бәрі жанталасты. Мерекеге байланысты деп сұрап, хат жазса үкімет береді. Ол далаға кетеді. Сол сияқты, үлкен мерекелік шараның аясында деген желеумен талай шара қалай болса солай өтіп жатты. Халық мойындамаған мерекенің ғұмыры қысқа. Мұқалали Мақатаевтың туған күні жыл сайын қалай дүрілдеп өтетінін жұрт біледі. Соған үкіметтің шешімін күтіп, қаржы сұрап жатқан да ешкім жоқ. Біраз уақыттан бері бұл күн бүкіл халықтық мерекеге айналды.*

*Енді ертең 1 жыл бойы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты деген ырду-ырду дүние басталады. Не өткізсе де ұрандатып, алғысөзін 30 жылдықпен байланыстыратындардың табылары анық. Ішінде елдің есінде қалатын да, қаржыны босқа шашатын да жобалар болады. Сондықтан талғамсыз нәрселерге тыйым салып, бақылау күшейсе деген тілегіміз бар.*

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## МӘСЕЛЕ

# ДИПЛОМ БАР, ЖҰМЫС ЖОҚ: КІМ КІНӘЛІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселені басынан бастайын. Өткенде, «Білім ордаларын жапқаннан бүтін мәселе шешілмейді» деген мақаламда: «Болашақ маман иесі, ұлттық университетті немесе жекеменшік оқу орнын аяқтаса да, оның қабілеті болмаса, екі қолға бір күрек таба алмайды. Қазірде өндіріс орындары дипломнан бұрын адамның қабілетіне, жауапкершілігі мен ынтысына қарайды. Сондықтан тек білім беру орнын ғана кіналау дұрыс емес», – деген едім. Мұны бірінші мәселе деп қараңыз. Екіншіден, жұмыс істеуге ниет білдірген, университетті енді ғана аяқтаған жас мамандардан жұмыс берушілер бірнеше жылдық тәжірибе талап етеді. Дипломын бүтін ғана қолына алған маманда қандай тәжірибе болуы мүмкін? Демек, жастарға тәжірибе жинақтау үшін студент кезінен бастап мамандық бойынша қызметке араласу қажет. Бірақ ол кезде оқу бір жағында қалады емес пе? Тіпті тәжірибелі маман іздейтін жұмыс берушілердің студенттерді қызметке қабылдауы екіталай деп ойлаймын. Үшіншіден, мамандық бойынша жұмысқа орналаса алмай жүрген жастар үшін «Білім туралы» заңның 47-бабы 17-тармағында: «Белгіленген квота шегінде педагогтік, медициналық, ветеринариялық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін тиісінше ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру ұйымдарында, мемлекеттік медицина ұйымдарында, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінде, мемлекеттік ветеринария ұйымдарында және меншік нысанына қарамастан, аграрлық бейіндегі ұйымдарда кемінде үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық және медициналық мамандықтарға оқуға түскен ҚР азаматтары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл мемлекеттік білім беру ұйымдарында және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыспен өтеуге міндетті. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде басқа мамандықтар бойынша білім алған азаматтар да Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кемінде үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті», –деп жазылған. Әрине, қазіргі таңда оқу бітірген жастардың басым бөлігі өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмай, өзге жұмыс істеп жүр. Ал мемлекет оларды оқыту үшін

қомақты қаражат бөлді. Сондықтан, мемлекеттің жас түлектерден мамандық бойынша қызмет етуін талап етуі дұрыс-ақ. Бірақ сол жастардың мамандық бойынша қызметке орналасу кезінде кездесетін кедергілерді шешуге мемлекет назар аударды ма екен? Неге оқу бітірген жас маман жұмысқа қабылданғаны жөнінде анықтама беретін орын іздеп жүр?

Төртіншіден, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде жаңа қабылданған қызметкерлер үшін еңбек шартындағы сынақ мерзімі туралы талап бар. Яғни 36-баптың 2-тармағында: «Сынақ мерзімі жұмыскердің жұмыс өтіліне қосылады және үш

хабарлауынша, Ұлттық экономика министрлігі биыл Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 5,8%-ға өседі деп болжауда. Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес бұл көрсеткіш алдағы уақытта 7,8%-ға дейін көтерілуі мүмкін. Ал Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша 2020 жылдың ІІІ тоқсанында жұмыссыздар саны – 454,8 мың адамды, жү-

**Дипломды жастарды жұмыспен қамту маңызды. Бірақ мемлекеттік деңгейде шешімін табуы тиіс мәселені ЖОО қалай шешпек? Ал «жастардың дипломы бар, жұмысы жоқ» деген уәжбен оқу орындарының санын азайту қаншалықты дұрыс? Шындығында жұмыссыздықпен күресуге Білім және ғылым министрлігі де, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі де, қажет болса тиісті мекемелер де мүдделі болуы қажет. Әйтпесе бұл мәселенің күрмеуі жақын арада шешілмек емес.**

айдан аспауға тиіс. Ұйымдардың басшылары және олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлер мен олардың орынбасарлары, филиалдар, ұйымдар өкілдіктерінің басшылары үшін сынақ мерзімі алты айға дейін ұзартылуы мүмкін», – деп жазылған. Алайда кейбір кезде ол ешбір қисынға сыймайтын жағдайға дейін жеткізіледі. Жоғары оқу орындарын бітірген жастар заңда белгіленген мерзім ішінде «сынақтан өтушілер» есебінде ешбір еңбекақысыз жұмыс істеп қана қоймай, сонымен бірге, оларды шамадан тыс жұмысқа салу жағдайлары да жиі кездесіп қалады. Оның үстіне сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін 3-4 сынаққа алынушының біреуі ғана штатқа кіреді, қалғандары шетке қағылады. Сонда құжаты бар, бірақ қызметі жоқ мамандардың көбеюіне кім жауапты? Мүмкін бүтін бір механизм кінәлі шығар? Сондықтан кез келген жас мамандардың тәжірибесін шыңдауға, еңбек өтілін жинақтау үшін жұмыс орындарында қызмет етуге мүмкіндік беру қажет.

Жылда даярланатын мамандар мен жұмыс орнын қамтамасыз ету, он, тіпті алдағы елу жылға дұрыс стратегия құрылу қажет-ау шамасы. Өйткені статистикаға қарасак шешілмеген түйткілді мәселе көп-ақ. Мәселен, статистика комитетінің сайтында Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 2020 жылдың наурыз айында 4,8% деп көрсетілген. Ал LS Aqparat ақпараттық агенттігінің

мыссыздық деңгейі – 5% құраған. Оның ішінде 78,9 мыңы жұмыссыз жастар екен.

Жоғары біліммен қамтылмаған, жұмысы жоқ жастарға қатысты «NEET жастар» деген термин бар. Қазақстанда жұмысы жоқ, ешқандай оқуға түспеген жастардың үлесі – 7,2%. Ал жастар неге диплом алуды көздейді? Бұл жастардың емес, бүгінгі еңбек нарығындағы қойылатын ең негізгі сұраныс, тіпті басты талап, шарт. Кез келген адам қай жерге жұмысқа орналасуға бармасын, оның жоғары білімі болуы шарт. Бұл жерде жұмысқа орналасушының дипломы «жұмысқа орналасуға жарамды» деген штамппен бара-бар. Сәйкесінше сұраныс бар жерде ұсыныс бар. Ал маман көп, жұмыс жоқ болуына жоғары оқу орындарының берген білімі, сапасы төмен деп айту әбестік. Себебі бүтін бір жүйе заман талабына сай нарықтық кезеңге дайын емес. Ал жас маманның ары қарай жұмысқа орналасуын қамтамасыз ететін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бар емес пе?

Не десек те, жастарды жұмыспен қамту мен жұмыссыздықты төмендетуге білім беру мекемелері ғана кінәлі емес. Бұған белгілі бір жүйе керек. Өйткені білім ордаларының мақсаты – білім беру. Бұл туралы «Білім туралы» заңның 21-3 тармағында: «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске

қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту заң көмегін көрсету үшін, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді және өз мүшелерінің (қатысушылардың) игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарда құрылуы мүмкін», – деп жазылып тұр. Бірақ «Білім туралы» заңның 6-бабындағы І бөлім, 20-тармағында: «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі», – деп жазылған. Ал білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығында: «ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары жіктеуішінің кемінде 7 бағыты бойынша «Педагогикалық ғылымдар» бакалавриат кадрларын даярлау бағыты бойынша лицензияның болуы (мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органына, Бас прокуратураға, Қорғаныс министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын, сондай-ақ бітірушілердің бітірген жыл ішінде жұмысқа орналасуын (кемінде 90%) қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда», – деп жазылған. Демек, заң бойынша оқу орындары түлектерін жұмыспен қамтамасыз етуге тиіс. Бірақ мемлекеттік деңгейде шешімін табуы тиіс мәселені ЖОО қалай шешпек? Ал «жастардың дипломы бар, жұмысы жоқ» деген уәжбен оқу орындарының санын азайту қаншалықты дұрыс? Шындығында жұмыссыздықпен күресуге Білім және ғылым министрлігі де, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі де, қажет болса тиісті мекемелер де мүдделі болуы қажет. Әйтпесе бұл мәселенің күрмеуі жақын арада шешілмек емес.



## КӘСІБИЛІК КІЛТІ – ІЗДЕНІСТЕ

*Кәсіби шеберлік дайындықпен, ізденумен, тәжірибені шыңдаумен келеді. Соған орай біз мамандардың біліктілігін көтеріп, өзара тәжірибе алмасуына барлық мүмкіндікті жасап келеміз. Мәселен ЛА-155/6 мекемесінің режим және күзет бөлімінде кинолог-бақылаушылар да табанды жұмыс атқаруда. Тәртіпке, қадағалау мен бақылауға тікелей жауапты бұл маман иелерінің де қызметтік біліктіліктерін арттыру маңызды. Соған орай 2020 жылға арналған негізгі ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспары жасалып, онда кинолог-бақылаушыларға арнайы дәріс үйрету қолға алынған. Таяуда ҚР ІІМ кинологиялық орталығының жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Р.Канафин мекеменің кинолог-бақылаушыларымен сабақ өткізді. Маман сабаққа «Берта» атты қызметтік итін*

*арнайы алдыртқан болатын. Сабақтың негізгі бағыты мекеме аумағына сотталғандардың пайдалануына тыйым салынған заттардың енуіне жол бермеу болып табылады. Мұндайда төрт аяқты достардың көмегі зор. Тек иттерді үйрете білсек болғаны. Сонымен қатар, кинология орталығының қызметкері ЛА-155/6 мекемесінің кинолог-бақылаушыларына өз кәсіби біліктілігімен, қызметтік иттерді үйрету дағдыларымен бөлісіп, бұл бағыттағы жұмыстың маңыздылығын ескертті.*

*Өткізілген іс-шара мекеме басшылығы тарапынан оң бағаланып, алдағы уақытта кинологиялық қызметке қатысты дербес бағдарламалар бойынша түрлі бағыттарда шаралар ұйымдастырып, өткізу жоспарлануда.*

Е.САБИТОВ  
РжКБ инспекторы  
әділет аға лейтенанты

КӨЗҚАРАС

# «ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ»

Еліміз жана 2021 жылға аяқ басқан тұста ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарық көрді. Бұл аталмыш мақалада Мемлекет басшысы еліміздің тәуелсіздік тарихын үш онжылдыққа бөліп, ұлттық маңызы бар игі істерді таразылай отырып есеп береді. Осы уақыт аралығында мемлекетіміздің қол жеткізген жетістіктерін сараптай келе мемлекет пен қоғам алдына алдағы онжылдықта жасалуға тиіс бірнеше маңызды бағыт-бағдар белгіледі. Сондықтан мақалада айтылатын құнды ойлармен және келешек ұрпақ үшін жасалуы тиіс маңызды іс-шаралармен келіспеске болмайды.

Шын мәнінде мемлекетіміз – тәуелсіз Қазақстан қазіргі таңда бейбітшіліктің жақтаушысы және тұрақты дамушы ел ретінде әлемге кеңінен танылып үлгерді. Сонымен бірге көрші елдермен тату қарым-қатынасты орната отырып, өзінің шекараларын айқындап, бекітіп алды. Ендігі кезекте ұлтымз үшін қасиетті тәуелсіздікті сақтап қалу, оны баянды етумен қатар болашақ ұрпаққа аманаттап тапсыру бүгінгі ұрпақтың биліктің, борышы екені бәрімізге белгілі. Осы орайда Мемлекет басшысы бүгінгі өскелең ұрпақ санасына тәуелсіздік құндылықтарын біржолата шегелеп сіңіруді тапсырып отыр. Ол үшін тарихи құндылықтар мен ұлттық символдарды заман талабына сай көркем және деректі туындылар бейнесінде насихаттау жұмысын қолға алу қажет екенін айтты. Нәтижесінде мемлекеттік пен мемлекетшілдік идеясы кең көтеріліп, сол арқылы келешек ұрпақты тарихқа тағзым жасауға шақыратыны бәрімізге белгілі.

Бұл өз кезегінде қоғам ішінде тарихқа деген жаңаша көзқарасты қалыптастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Әсіресе, Отан тарихы ұлттық мүдде тұрғысынан қайта зерделеніп, нақты тарихи деректерге негізделген толыққанды біртұтас тарихтың жазылуы уақыт күттірмейтін мәселе екенін көрсетті. Оның себебі, осы күнге дейін Қазақстан тарихының түрлі кезеңдері әр түрлі идеологияның ықпалына ұшырап, бұрмаланып жазылып келді. Сондықтан тарихта толып жатқан көптеген қарама-қайшы пікірлер мен көзқарастар Қазақстан тарихының осыған дейін жазылуында түрлі олқылықтарға жол берді. Оған қоса кейбір көрші елдердің жекелеген азаматтар тарапынан айтылып жатқан Қазақстан тарихына қатысты арандатушы теріс пікірлердің туындауы бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда. Бұл біздің қоғамға сырттан іріткі салуға, сол арқылы іштен бөліп жаруға тырысқан қитұрқы іс-әрекет екені белгілі.

Осы сияқты теріс әрекеттердің алдын алудың бірден-бір жолы ұлтымыздың ұлылығын ұлықтау, ұлттық мүддемізді бәрінен жоғары қою арқылы іске аспақ. Оның бастау көзі әрине ұлттық тарихты оқып білуде, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу мен жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде жатқаны айтпаса да белгілі. Соның ішінде ұлттық құндылықтарымыздың бірегейі болып табылатын ана тілімізді қоғам болып жаппай игеру, қолдау – басты міндет. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің мақаласында көтеріп отырған осы сияқты құнды идеялары қазақстандық қоғам үшін болашақта іске асырылуға тиісті міндеттер екені анық.

**Нүркен АЙТЫМБЕТОВ,**  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD докторы

САЙЛАУ

# ОНЛАЙН «ЛАЙКТАН» ОФФЛАЙН БЕДЕЛ АРТЫҚ

Алдағы жексенбіде өтетін Мәжіліс пен Мәслихат сайлауы үміткерлердің тынышын алды. Олар мерекелік демалыстарда да тынымсыз еңбек етіп, өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Үміткерлердің белсенділігі ел өміріндегі барлық салада байқалады. Партия өкілдерінің әлеуметтік желідегі белсенділігі тіпті бөлек. Жай кезде әлеуметтік желіде санаулы ғана «досы» бар, айына, жылына бір пост салатындар бүгін де өте ширақ. Үміткерлер өздерінің достарының да санын арттырған. Олардың бүгін жазған бір посты талай репостқа ие. Бізге мұндай науқандық шаралар қаншалықты қажет, олардың болашақтағы іс-әрекеттері де осындай сергек, белсенді бола ма?

Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне сәйкес, алдағы сайлауда 216 мәслихатқа 3 276 депутат сайланады. Соның ішінде республикалық маңызы бар қалалар мен астананың мәслихаттары 589 мандат, 36 облыстық мәслихаттарда 596 және 163 аудандық мәслихаттарда 2 091 мандаттан бар. Мәжілістің 98 депутаты да партиялық тізім бойынша сайланады. Бұдан бөлек, тағы 9 депутат Қазақстан халқы Ассамблеясының атынан Мәжіліске келеді. Бірақ, депутаттардың белсенділігін әлеуметтік желідегі белсенділіктері арқылы өлшеу қаншалықты дұрыс?!

Редакция тарапынан сондай белсенділердің бірнешеуінің парақшасын ақтарып шықтық. Соңғы оншақты күнде әлеуметтік желіге салған посттарындағы репост 80-

90-нан кем емес. Демек посттағы партияның іс-әрекетін ұнатып, посттың мәтінін ұнатып сонша адам өз парақшасына апарып бөліскен. Лайк саны мыңның үстінде. Яғни сонша адам ұнату белгісін басқан. Посты ұнатқан адамдардың парақшасына өтіп те тексеріп шықтық. Талайы осы соңғы он шақты күннің ішінде ашылған, көбінде тіпті сурет те жоқ, аяқ асты ашылған науқандық парақшалар. Демек белсенділігін туған-туыс, құда-жекжат, сыныптас, көрші-көлемдері. Мұны жалпы қоғам да көріп, сезіп, біліп отыр. Соның дәлелі соңғы кездері әлеуметтік желіде азаматтық ұстанымдарын айқын аңғартып жүрген-

дердің «Партиялар белсенді жұмыс істеу үшін сайлауды жиі өткізу керек екен. Әйтпесе қазір бәрі көсем, бәрі шешен. Ал сайлаудан кейін соқыр, мылқау, саңырау», «Сайлауға бардың не, бармадың не, өзгеріс шамалы», «Осы беріп жатқан уәделерінің жартысын да орындамас, бәрі ертегі айтқыш» деген пікірлер қаптап жүр. Демек белсенділердің осы әрекеті сайлауға қатысты халықтың теріс көзқарасын қалыптастыруға, саяси белсенділіктерінің төмендеуіне, жалпы өзі өмір сүріп жатқан қоғамына сенбеуге ықпал етіп отыр. Мұндай көзбояушылықпен кемел мемлекет, санасы жоғары қоғам құра аламыз ба?!

**Айгүл ОРЫНБЕК, заңгер:**

– Осы мәселені әлеуметтік желідегі парақшамда айтып, жазып жатқаныма біршама уақыт болды. Бірақ бірде-бір уәкілетті орган үн қатқан жоқ. Сайлауда халық партияға дауыс береді. Ал кандидаттардың тізімін партия әзірлейді. Яғни праймеризде ерекие белсенділік танытқандар, әлеуметтік желіде белсенділік танытқандар рейтингте балл жинау арқылы партияның өз ішінде жеңіске жетеді. Бұл партияның өз ішінде болып жатқан дода. Жалпы әлеуметтік желі арқылы белсенділіктерін бағалау арқылы жеңіске жеткізу жүйесі дұрыс емес. Кеше ғана әлеуметтік желіде он досы бар адамның бүгін жүз мың досы бар. Қазір технологияның дамыған заманында «накрутка», яғни әлеуметтік желідегі достар санын қолдан арттыру, қолдаушылардың санын көбейту, «лайк» жинау тым оңай. Оны кеше ғана халық танымайтын еді, бүгін өзін жүз мың адам танытын адамға айналып әлеуметтік желіде «көпірін» отыруы күлкілі. Көбінесе біздікілерге «накрутканы» украиндықтар, орыстар жасайды. Сосын үміткерге қайдағы бір «Джонифер», «Анандилер» лайк басады. Әлеуметтік желіні пайдаланбасын демеймін, пайдалансын. Бірақ шынайы болсын. Кейбір әрекеттері тіпті күлкілі. Мәселен, кеше қарап отырмын, 102 жасқа келген әжейге партияның жұмысын таныстырып жатыр. Ол әжеге партия керек те емес былай қарағанда. Қоғамда басқа белсенді азаматтар бар ғой. Неге көп балалы аналармен кездесу өткізіп, нақты істеп жатқан әрекеттерімен есеп беріп, олардың ұсыныстарын тыңдамайды?! Қоғамдағы мұң-мұқтажын жоғарыға жеткізе алмай жүрген жандар көп қой. Солармен неге ашық бетпе-бет сөйлеспеске? Сондай мәселелерді шешу арқылы неге ұпай жинамасқа? Сонда халық та оларды қолдар еді ғой.

**Қуаныш ӘБІЛДӨКЫЗЫ**

КӨКЕЙКЕСТІ

ӘДЕТТЕ БАРЛЫҚ АДАМ ЖАҢА ЖЫЛДЫ КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ-КҮЙМЕН ҚАРСЫ АЛУҒА ТЫРЫСАДЫ. ӨЙТКЕНІ БАСЫМ БӨЛІГІ «ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛСАН, ТҮТАС ЖЫЛДЫ СОЛАЙ ӨТКІЗЕСІҢ» ДЕГЕН ҰСТАНЫМҒА СЕНЕДІ. ӘРИНЕ, МЕРЕКЕНІ ТОЙЛАҒАН ЖАҚСЫ-АУ, БІРАҚ...

# ОТШАШУДАН ОПЫҚ ЖЕГЕНДЕР АЗАЙМАПТЫ



**СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?**

**Сауле Тасыбаева, заңгер:**

– Жаңа жыл мерекесінің тамаша дәстүрлерінің бірі, әдемі атмосфера- ны тудыратын сәт – отшашу. Алайда, бір сәттік қызықтың арты адамдардың денсаулығына нұқсан келтіріп, қайғылы оқиғалардың орын алуына септігін тигізуде. Елімізде Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуір-

дегі «Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бар. Бұйрыққа сәйкес, пиротехникалық заттар мен бұйымдарды өзірлеу, өндіру, пайдалану және сату жөніндегі қызметтің кіші түріне лицензиясы бар заңды тұлғалар аумақтық ішкі істер органы берген азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатуға рұқсаты негізінде сатылады. Пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сақтауға арналған рұқсат 3 жылдық мерзімге ғана беріледі. Ал, заңсыз пиротехниканы сатуға, тасымалдауға рұқсат жоқ. Заңсыз сауданың алдын алу мақсатында Ішкі істер министрлігі 2020 жылдың 15 желтоқсаны мен 2021 жылдың 10 қаңтар аралығында арнайы рейдтік шарасын қолға алған. Бұл рейдтік шараның басты мақсаты – пиротехникалық бұйымдарды заңсыз сатқандарды анықтап, қоғамдық қауіпсіздіктің алдын алу болып табылады. Жаңа жылдық отшашуларды сатып алған кезде міндетті түрде сатушыдан тауардың сертификаты және сақталу мерзімі мен сатушының рұқсат қағазын сұрап алу керек. Егер, сатушы тауарлармен немесе өзге де заттармен заңсыз сауда жасаса, ҚР ӘҚБтК 196-бабына сәйкес, 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (72 925 теңге) айыппұл төлейтін болады. Еркін сауда жасап, отшашуларды заңсыз сатушылардан сатып алып, соның салдарынан адам зардап шексе, сатқан адамды жауапқа тарту қиыңға соғады. Алайда, өкімшілік шаралар қолданылып, айыппұл төленеді. Пиротехниканы заңсыз пайдалану деректері анықталған жағдайда, заңды және жеке тұлғалардың пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету тәртібін бұзған, оның азаматтарға ҚР ӘҚБтК 436-бабының 2,3-бөлігі, 483-бабының 1,2-бөлігі, 196 және 415 баптармен өкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Жыл сайын жаңа жыл мерекесі қарсаңында Алматыда 10-15 өрт оқиғасы тіркеледі екен. Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, олардың 30 пайызы пиротехника өнімдерін дұрыс пайдаланбаудан болған. Ал «Жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылықты жүргізу құқығына ие мемлекеттік коммуналдық мекемесінің дерегіне сүйенсек, мереке күндері жедел жәрдемге 11 669 алматылықтан шақыру түскен. Бұл күнделікті шақыру санынан бірнеше есе артық. Оның ішінде отшашудан жарақат алып, дәрігерлердің көмегіне жүгінгендер көп. Мәселен, жаңа жылға байланысты

десталған төрт күннің ішінде, яғни 1-4 қаңтар күндері Алматының 59 тұрғыны отшашудан жарақат алған. Олардың арасында мұрнын жұлып түсіргендер, сол жақ көзінің ағын жарақаттағандар, көздің мүйізгек қабығы мен қол білезігін күйдіргендер, тіпті ауыз қуысы түгелдей күйіп қалғандар бар. Ал Жаңа жыл мерекесі күндері Түркістан облысы мен Шымкент қаласында пиротехника салдарынан 4 баланың көзіне зақым келсе, Батыс Қазақстан облысының тұрғыны мереке кезінде отшашу салдарынан бетін күйдіріп алған. Барлығы жалын шашқан отшашуды қызықтап, қауіпсіздікке назар аудармаған. «Әркім өз

баласының өміріне өзі жауапты, сондықтан өздері қауіпсіздік ережесін сақтауы тиіс», – деп айтуыңыз мүмкін. Өйткені елімізге лицензиясыз еніп кеткен өнімдердің салдарынан болған оқыс оқиғаға кінәліні табу мүмкін емес.

Дегенмен, Ресейде пиротехникалық өнім 2009 жылы 5 желтоқсанда Пермь қаласының «Хромая лошадь» түнгі клубында 117

адамның өліміне және 134 адамның жарақат алуына себепші болған соң Жаңа жылды пиротехникасыз қарсы алу туралы шешім қабылдаған. Ал 2018 жылы Тынық мұхиттағы Галапагос аралдарына архипелагтағы өте сирек кездесетін фауналарды қорғау мақсатында отшашуларды әкелуге, сатуға және қолдануға тыйым салған. Гонконг билігі болса, 2019 жылы полицияның ұсынысы бойынша 1 қаңтарға қараған түні жаңажылдық отшашу өткізуден бас тарту туралы шешім шығарған. Мұндай шешімге келуге елдегі наразылықтар қауіпсіздік себеп болған. Жалпы, пиротехникадан келген залалды есептеген көптеген мемлекеттер отшашуларға енді тыйым салу мәселесін қарастырып жатыр. Тіпті пиротехниканың отаны Қытайда билік экологияға залал келтірмейтін отшашу ойлап табуы бұйырған.

Бізде пиротехникалық өнімді мүлдем қолданбау жөнінде тыйым жоқ. Тек биыл еліміздің бірнеше қалалары жаңа жылдық отшашудан бас тартқан еді. Оған себеп, пандемия басталған кезеңде 2020 жылдың наурыз айынан бергі мерекелік шараларға бөлінген қаржыны басқа әлеуметтік қажеттіліктерге бағыттау болған. Ал Шымкент қаласында Жаңа жыл мерекесін тойлау кезінде пиротехникалық заттарды қолдануға тыйым салынған болатын. Осы орайда қалалық төтенше жағдайлар департаменті мен полиция қызметкерлері бірлескен рейд өткізіп, қаладағы базарларды аралап, фейерверктер мен петардаларды жасырын сатқандарды анықтаған.

Не десек те, отшашулардан зардап шекпеу үшін пиротехниканы тек арнайы сату орындарынан, сертификатталған өнімдердісатып алу керек. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында үнемі «пиротехника қолдану кезінде сақтық шаралары» туралы ақпарат беріліп, ескерту айтылады. Бірақ қарапайым ережелерді сақтамаудың салдары бүгінде бөтен мүлікті бүлдіруден бастап, күйіп қалуға, жарақаттануға, мүгедектікке, тіпті өлімге дейін алып келуде.

**Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,**  
«Заң газеті»

**ОЙТАЛҚЫ**

**Азаматтардың саяси белсенділігін қалай арттырамыз?**

**Нұрболат НЫШАНБАЕВ, саясаттанушы:**  
– АҚШ-та да осы әлеуметтік желілер сайлаудағы қалыптасқан барлық қағидаларды бұзды. Сондықтан біздің елімізде де әлеуметтік желі сайлаудың әділ өтуіне кері әсерін тигізеді деп санаймын. Мәселен, әлеуметтік желіге, жарнамаға көп ақша төлесе, ол талай адамның алдында тұрады. Яғни сайлауды сатып алған болып есептелінеді. Ал сайлаудың негізгі классикалық мәні дауысты сатып алмау керек. Керісінше халықты өз бағдарламаңмен жаулап алуың керек. Яғни бұл тек қазақстандық саяси жүйенің мәселесі емес. Тұтас саяси жүйенің электрондық жүйеге өтуіне байланысты туындап отырған мәселелер. Бірақ тиісті орындар әлеуметтік желіден басқа жерлерде де халық барын түсінетін кез келді деп ойлаймын.

Бұл сайлаудың басты ерекшелігі пандемия кезеңімен қатар келуі болып отыр. АҚШ-та да пандемия салдары сайлаудың әділ өтуіне кері әсерін тигізді. Сондықтан халықтың саяси белсенділігіне пандемия да өз әсерін тигізеді деп ойлаймын. Жалпы сайлау кезіндегі саяси белсенділікті арттыруымыз керек. Партиялар да көзбояушылық жасамай, халықтың алдында шын жұмыс істей алатынын көрсетсе, халықтың да сайлауға, үміткерлерге деген сенімі артар еді. Сондықтан бұл жерде партияларға көп нәрсе байланысты дер едім.

**Мырзабек БЕКБЕРДІ, заңгер:**  
– Әрине, барлық депутат бірдей емес, дегенмен депутаттардың халықпен қарым-қатынасы жоғары деңгейде болуы керек. Сайлау науқаны жақындаған сайын Мәжіліс төрі мен Мәслихат креслосынан үміттілер үгіт-насихаттарын алуан түрін пайдаланып бағып жатыр. Әсіресе, әлеуметтік желі беті қатты белсенді. Әр түрлі өнер адамдары мен әр саланың мамандарын тартып, өзіне дауыс беруге шақырып жатқандар да баршылық. Бірақ қоғамда жекелеген депутаттардың белсенділігін, бет-бейнесін қалыптастыруға тырысуымыз керек. Әлеуметтік желіні пайдалануымыз керек. Бірақ оны сайлауды әділ өткізу, қоғамның ашықтығы, жариялылығы жағынан пайдалану керек.

Әсіресе сайлау кезінде халықтың белсенділігі артып, көпшілік немқұрайдылық танытпай дауыс беруге баруы керек. Сонда дауыс ұрланбайды. Басқа біреу оның атынан дауыс бермейді. Бүкіл сайлау учаскелерінің хаттамаларын ақпараттық порталдарда жариялау керек. Сонда ғана әділ сайлау жүйесі қалыптасады. Екі саяси шараны қатар өткізу арқылы бюджет қаржысын үнемдеуді көздеген әрекетіміз қаншалықты нәтижелі боларын уақыт көрсетеді. Бастысы – әділ болуы.

**Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ЕРМЕКОВА, «Заң газеті»**

БІТІМ

Елімізде «Медиация туралы» заңның қабылданғанына 10 жыл болды. Десе де, медиацияны дамытумен сот жүйесінен басқа бірде-бір мемлекеттік орган айналыспайды. Бұл бағытта ашық мемлекеттік саясат та жоқ. Мұны түзетуді Мемлекет басшысы да айтқан еді.

Қазақстан Республикасы судьяларының VIII съезіне қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін жеткізді. «Адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз ету бірінші міндет, ал әділ сот төрелігі және азаматтардың сот билігіне деген сенімін арттыру міндетті шарт болу керек» деді. Мемлекет басшысы сот үдерістерін оңтайландыру және дау дамайларды шешу барысында бітімгершілік тетіктерін енгізу мәселесіне де назар аударды.

Сот жүйесіндегі басым бағыттың бірі – татуластыру рәсімдері. Жоғарғы Сот медиацияны дамытуға күш салып келеді. Дауды сотқа



Гүлжихан САҒИТОВА,  
Бөкей ордасы аудандық сотының төрағасы

қарсы екенін, өйткені жоғары бағынышты орган рұқсат бермейтінін және мемлекеттік кәсіпорын болғандықтан дауды медиация тәртібімен реттей алмайтынын айтып, негізінен істі сотқа карауды сұрады. Жауапкер тарап Медиация туралы заңның 1-бабының 3-тармағына сай тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға медиация рәсімі қолданылмайды» дегенді негізге алады. Аталған іс бойынша талапкердің талабы қанағаттандырылып, шешім шықты.

29.06.2020 жылғы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңымен Медиация туралы заңның 1-бабы 3-тармағына толықтыру енгізілді. Соған орай тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде жеке және заңды тұлғалар қатысатын дауларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендей медиация рәсімі қолданылады. Бұл

БАЗЫНА

# ТАСАДА ҚАЛҒАН ТАҒДЫРЛАР

Арада 34 жыл өтсе де 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қыр-сыры толық ашылған жоқ! Осы жылдар бедерінде ондаған қоғамдық ұйым құрылғанымен Желтоқсан көтерілісіне мемлекеттік деңгейде толық баға берілді деп айту артық. Сол кезде Алматы қаласындағы Брежнев атындағы алаңда шеруге қатысқан студент, жұмысшы жастардың арасында қуғынға ұшырап, оқудан, жұмыстан қуылған жастардың көбі күні бүгінге дейін ресми түрде ақталған жоқ. Біле білсек солардың арқасында кеңестік жүйенің іргетасы алғаш рет копарылып, шаңырағы шайқалған болатын.

# МЕДИАЦИЯНЫ ДАМУҒА СОТТАН БАСҚА БІРДЕ-БІР ҚҰРЫЛЫМ ЫНТАЛЫ ЕМЕС

дейін реттеудегі заңдық тетіктерді жетілдіріп, бітімгершілікке үндейтін бастамаларды қолға алу медиацияның мәнін арттырып, маңызын көтерді. 2018 жылы Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың бастамасымен сот төрелігінің «Жеті түйіні» бағдарламасы белгіленді. Оның біреуі «Татуласу: сотқа дейін, сотта» деп аталады. Осы бағдарламаның маңызы зор болды. Өйткені бағдарлама аясында кәсіби медиаторлар қауымдастығы әкімдіктер мен ассамблея мүшелері бірлесіп, бірқатар жобаны жүзеге асырды. Әкімдіктер мен соттардың жанынан татуластыру орталықтары, медиация кабинеттері, қоғамдық негізде Билер кеңесі құрылды. 2019 жылы Батыс Қазақстан облысы әкімінің шешіміне сай «Билер кеңесі» туралы Ереже бекітілді. Қазіргі кезде жоғарыда аталған орталықтар, медиация кабинеттері, Билер кеңесі халыққа құқықтық көмек көрсетуде.

Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданында 14 кәсіпқой емес медиатор және Билер кеңесінің 26 мүшесі бар. Медиаторлар мен Билер кеңесінің мүшелері аудандық сот ұйымдастырған шараларға белсене қатысады. Бүгінгі күні 21 дау сотқа дейін реттелді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша аудандық сотта азаматтық істердің 13-сі (24%), қылмыстық істердің 13-сі (32 %), әкімшілік істердің 42-сі (51,2%) медиация тәртібімен аяқталды.

Десе де, ауданымызда татуластыру рәсіміне заңды және жеке тұлғалардың жүгіну көрсеткіші әлі де төмен екенін көрсетеді. Медиацияның мүмкіндіктері, мақсаты мен пайдасы туралы әлі де жеткілікті деңгейде біле бермейтіндер, соның ішінде дауды татуласумен, медиация тәртібімен реттеуге ниет білдірмейтін заңды тұлғалар, мемлекеттік мекеме-кәсіпорындар бар. Шын мәнінде, істің бітімгершілікпен бітуі-

не тек сот емес, сонымен бірге, барлық мемлекеттік мекемелер мүдделі болуы тиіс. Мысалы, көмелеттік жасқа толмағандар ісінде қамқоршылық-қорғаншылық органдары медиацияға басымдық беруі қажет. Еңбек дауына қатысты айтсақ, келісім комиссиялары жұмыс істейді. Комиссия құрамында арнайы медиатордың болуы заңмен міндеттелсе, біршама дау сол жерде шешілер еді. Несиеге байланысты дауларды да сала мамандарының көмегіне сүйеніп, бітімгершілікпен бітіруге болады. Ашу-ызаға булыққан тараптардың келісімге бірден келе қоюы қиын. Ол үшін біраз күш-жігер, уақыт жұмсалады. Бірақ болмашы істер сотқа жетпей аяқталар еді. Бір ағадан тараған, бір анадан туған ағайындылар беттің арын белбеуге түйіп қойып, соттасуға, бет жыртысып, жүз шайысуға дейін бармас еді. Құқық қорғау органдарындағы полицейлер де мүдделі болуы қажет.

Осы орайда бір мысал айта кетсек, Бөкей ордасы ауданының тұрғыны Шаяхмеден Таубаев «Бөкей ордасы аудандық ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынан 250 000 теңге материалдық залал өндіру туралы талап арызбен жүгінген болатын. Талап қоюшы бір сиырынан бруцеллез анықталғанын, бұл туралы мемлекеттік ветеринариялық санитарлық инспектор нұсқама бергенін, 12.03.2020 жылы аудандық ветстанция мамандары бруцеллезге шалдыққан ірі қараны «Камаз» автокөлігіне тиіп алып кеткенін, жолда малы өліп қалғанын көрсеткен. Жауапкер «Бөкей ордасы аудандық ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарапынан малды тасымалдау кезінде қойылатын талаптар сақталмауына байланысты талап қоюшының малы шығынға ұшырағанын, талап арызды мойындайтынын, келген шығынды төлеуге қарсы емес екенін, бірақ істі татуласу келісімімен не медиация тәртібімен реттеуге

жаңа редакция 2021 жылдың шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қылмыстық іс бойынша деректер келтіре кетейін. Сотталушы А.Саханболатов пен С.Сағын пайдакүнемдік ниетпен, жымқыру мақсатымен Мұратсай ауылдық округі әкімі аппараты меншігіндегі су құбыры нысанының 8 дана профлист қоршауын ұрлап, нәтижесінде «Мұратсай ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-не 9 600 теңге мүліктік залал келтірген. Сот мәжілісінде сотталушылар істеген әрекетіне өкініп, кешірім сұрады, келген зиян бір күннен кейін қайтарылған, жәбірленуші «Мұратсай ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-нің заңды өкілі А.Ғұмар сотталушылар кешірім сұрағанын, ұрланған профлист сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қайтарылғанын, басқа талабы жоқ екенін және медиация тәртібімен татуласқанын айтып, істі тоқтатуды сұрады.**

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органымен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға, яғни жәбірленушіге және арыз берушіге ҚР ҚК-нің 68-бабына сәйкес татуласу құқығы, негіздері мен тәртібі түсіндірілген. Алайда мемлекеттік мекеме Мұратсай ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі татуласпаған, тек сот процесінде ғана медиация тәртібімен келісімге келіп, іс тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылды.

Әкімшілік істер бойынша тараптардың татуласуымен аяқталған істер саны 52 пайызды құрайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 64-бабына сай әкімшілік жауаптылықтан тараптардың татуласуына байланысты босату қарастырылған. Татуласу жәбірленуші мен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға қол қойған жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады. Алайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған уәкілетті орган, яғни жергілікті полиция органы тараптар медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізгеннің өзінде де әкімшілік іс құжаттарын негізінен қарау үшін сотқа жолдайды.

Соттың мақсаты – әділдік пен заңдылықты орнату. Жалпы, бүгінгідей ел болып пандемияға қарсы күресіп жатқан тұста заңды тұлғалар, мемлекеттік мекеме және мемлекеттік кәсіпорындар дауласуды емес, достасуды, бір-бірімен соттасуды емес, бір-біріне жақтасуды ойланғаны дұрыс болар еді.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Сондай зардап шегушілердің қатарында белгілі журналист Жаңабай Тойбазаров та бар еді. Оның бар айыбы – орталық алаңдағы шеруге қатысып, өзінің пікірін ашық білдіргенінде. Желтоқсан көтерілісі басып-жаншылғаннан кейінгі қазақ жастарына көрсетілген қуғын-сүргінді ешкімнің де басына бермесін. Сол кездегі Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің қызметкерлері КазГУ-дің жатақханаларына орналасып алып, студенттерді жаппай тергеу басталды. Жаңабай Тойбазаров да бірнеше ай бойы тергелді. Ешқандай тәртіпсіздік жасамаса да «Сен алаңда жаппай тәртіпсіздікке белсене қатыстың! Қақтығыстар болған жерден түсірілген көптеген суреттерің бар» деп коқан-лоққы жасады. «Егер де өз еркіңмен оқу орнынан шықпасаң, бірінші комсомолдан, сонан соң оқудан шығарып, соттаймыз!» деп қорқытты. Сол кездегі факультет деканы Козьменко да, комсомол хатшысы Қосанов та осы нұсқаны ұсынып, басқа жол жоқ деді. «Егер сен өз еркіңмен оқудан шықсаң – комсомолда қаласың және белгілі мерзімнен соң оқуға қайта қабылданасың, ең бастысы сотталмайсың» деп жұбатты олар. Осы арада айта кетер бір жай, факультет комсорғы Ә.Қосанов курстасымызға көмектесуге ниеттеніп, ректораттың түрлі кабинеттеріне бас сұғып, өтініш жасағанымен, солақай саясатқа қарсы тұра алмады.

Сөйтіп, «тауы шағылып, салы суға кеткен» 3-курс студенті Жаңабай Тойбазаров бес жылдық еңбек өтілімен, өз күшімен қабылданған сүйікті оқу орнымен 1987 жылғы 27 ақпан күні, тура өзінің туған күнінде қоштасты! Қоштасып тұрып әрі қуанды, әрі қатты өкінді! Қуанғаны – қудалаудан уақытша болса да құтылғаны еді. Өкінгені – ешқандай жазығы, кінәсі болмаса да оқудан «өз еркімен» шығарылуы еді.

Міне, содан бері ешқандай да ресми мекеме, ешкім де мұны ақтамады, сенің жазығың жоқ еді деп айтпады. Жаппай қуғын-сүргін құрбаны болып кеткен курстасымыз Жаңабай Тойбазаровтың 34 жыл бойы желтоқсан айы туған сайын жаны жабырқап, көңілі құлазиды. Желтоқсанның ызғары жүрегін қариды. Сол кездегі әділетсіздіктен түскен жан жарасына қазіргі мамырайай қоғамнан ем іздейді, ресми түрде ақталсам дейді...

Біздер – курстас, замандас достары мемлекетіміздің құзырлы, тиісті органдарынан 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде жазықсыз қудаланып, оқудан шығарылып, зардап шеккен Жаңабай Тойбазаровты ресми түрде ақтауды сұраймыз. Алматыдағы Брежнев алаңында Кеңес империясының солақай саясатына қарсылық шеруіне қатысқан он мыңдаған қазақ жастарының қатарында болған курстасымыздың да, өзге азаматтардың да тағдыры тасада қалмай, сол кезде жабылған жаладан толық ақталуға құқығы бар. Ұлт рухын асқақтатқан Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың, солардың арасында күні бүгінге дейін ақталмай жүрген азаматтардың әрқайсысы да кез келген құрметке лайықты деп ойлаймыз.

Курстастары атынан белгілі журналистер:  
Серік ЖАНБОЛАТ, Әбілғазы МАҚСҰТҰЛЫ,  
Халамаң ЖАҚЫПОВ, Абай ИМАНБАЕВ



## ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДА НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

Жаңа редакциядағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс (бұдан ары – ӘҚБтК) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген. Бір ескерте кететін жайт, осы кодекс атауындағы құқық бұзушылық деген сөз қазақша жекеше түрде жазылса, ал орыс тілінде көпше түрде жазылған. Сол себепті оның атауы «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі» – деп аталғаны дұрыс. Қазірге дейін аталған кодекске 100-ден аса толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Бірақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын өзекті мәселелер жоқ емес.

Мәселен, әкімшілік қамаққа алу түріндегі жазаға әкеп соғатын істер бойынша жауапқа тартылатын тұлғаның болмауына байланысты істі сотта қарауда қиындық туындайды. ӘҚБтК-нің 744-бабының 3-бөлігіне сай әкімшілік қамаққа алу түріндегі жаза белгілегенде жауаптылыққа тартылатын адамның сот процесіне қатысуы міндетті. Кодекстің 62-бабының 5-бөлігіне сай әкімшілік

жаза қолдану мерзімінің өтуі өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамды күштеп әкелу туралы ұйғарым шығарылған кезден бастап тоқтатыла тұрады. Бұл мерзімді есептеу әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамды күштеп әкелу туралы ұйғарымды орындайтын органға іс жүзінде жеткізілген кезден бастап қайта басталады. Күштеп әкелудің жалпы мерзімі бір айдан аспауға тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде жауаптылыққа тартылатын тұлға болмай, яғни ол сотқа келмесе немесе сот отырысына жеткізілмесе (қашықтан қатыстырылмаса), сондай-ақ жауаптылыққа тартылатын тұлғаны күштеп әкелу туралы ұйғарым бір ай мерзім ішінде орындалмаса, соттың істі қарауда қиындыққа тап болатыны айқын. ӘҚБтК-нің 50-бабының 1-бөлігіне сай әкімшілік қамаққа алуды судья айрықша жағдайларда осы бөлімнің Ерекше бөлігінде көзделген шектерде тағайындайды. Мұндай жағдайда, менің ойымша, әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындау кезінде жауаптылыққа тартылатын тұлға болмаса, істі сотпен қарауға немесе органға кері қайтаруға мүмкіндік беретін заң нормалары әкімшілік заңнамада қарастырылуы керек.

Сот келесі жайғайлардың жисынтығы болғанда:

– әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлға сотқа келмесе немесе ол сот отырысына жеткізілмесе (қашықтықтан қатыстырылмаса);  
– ӘҚБтК-нің бабының (бап бөлігінің) санкциясында әкімшілік қамаққа алудан басқа өзге де жаза түрлері көзделген болса;  
– істің нақты мән-жайлары әкімшілік қамаққа алудан басқа әкімшілік жаза қолдану мүмкіндігін жоққа шығармаса, істі мәні бойынша қарауға кірісуге құқылы. Бұл ретте, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде жауаптылыққа тартылатын тұлға болмағанда, оған әкімшілік қамаққа алу түріндегі жаза тағайындалмауы керектігін соттар ескеруі қажет. Егер қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазадан басқа балама жазаны қолдану мүмкіндігі болмаса немесе әкімшілік жазаның балама түрі қарастырылмаса, істі қарау кезінде жауаптылыққа тартылатын тұлғаның қатысуын қамтамасыз ету үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс (хаттама) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған органға (лауазымы тұлғаға) қайтарылуы тиіс.

М.ӘЛІМБЕК,  
Алматы қаласы мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

◀(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Қазіргі заманда азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару арқылы халықтың жанын толғандырған жағдайлардың оң шешімін табуына атсалысу қажет. Бұл тұрғыда Шымкент қаласының Әділет департаментінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында «OPEN SPACE» және «ADALDYQ ALANY» ашық форматтағы жобалық кеңсесі іске қосылды.

Сонымен қатар әділет органдарына қатысты өтініштер мен сауалдарды whatsApp, instagram, facebook арқылы да қабылдауға мүмкіншілік қарастырылды. Яғни пандемия кезінде Әділет департаменті «К-20 Қайта іске қосу» бойынша жұмыс атқаруда. Бұл дегеніміз халықпен кері байланыс орнату мақсатындағы жоба – жұмыстың жаңа 24/7 тәртібіне көшуді меңзейді.

Бұдан бөлек Шымкент қалалық Әділет департаментінің әлеуметтік желідегі [https://t.me/shymkentadilet\\_bot](https://t.me/shymkentadilet_bot) парақшасы іске қосылды.

– Кепілдендірілген мемлекеттік заңдық көмек алу үшін қайда жүгіну керек? Аталмыш көмекті кім алады және мемлекетпен кепілдендірілген заңды көмекті алу үшін қандай құжаттар талап етіледі?

– ҚР Конституциясы мен заңдарына сәйкес белгіленген ережелер бойынша азаматтық, әкімшілік және қылмыстық процесс барысында азаматтар заңды көмек алуға құқылы. Және осы негіздерде ҚР азаматтарына мемлекетпен кепілдендірілген заңды көмек ұсынылады.

Шымкент қаласының заң консультанттары палаталары тарапынан азаматтарға 351 кешенді әлеуметтік заң көмегі көрсетілген болса, қалалық адвокаттар алқасымен де тұрғындарға 81 кешенді әлеуметтік заң көмегі көрсетілген.

2019 жылы адвокаттық қызмет пен заң консультанттарының қызметін автоматтандыру мақсатында, «Е-заң көмегі» ақпарат жүйесі іске қосылды. «Ұлттық ақпараттар технологиясы» АҚ және Республикалық адвокаттар алқасы арасында 2019 жылдың 8 ақпанында жасалған №99 заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру, сүйемелдеу және дамыту бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартқа облыс бойынша жылдың басынан 398 адвокат толығымен қол қойып онлайн режиміне қосылған.

Бүгінгі таңда 402 адвокат және 6 заң кеңесшілері палаталарының заң консультанттары сақтандыру шарттарын жасаған. Жалпы, кешенді әлеуметтік заң көмегі – өмірлік қиын жағдайда жүрген азаматтарға, атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға, Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, бірінші және екінші топ мүгедектеріне, жасына байланысты зейнеткерлерге, әлеуметтік мекемелерде азаматтарға көрсетіледі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін азаматтар тиісті субъектіге, жеке басын куәландыратын құжатты және тиісті әлеуметтік осал топқа жататындығын растайтын анықтаманы ұсыну арқылы ала алады. Бұл бойынша әр азамат Шымкент қаласының Әділет департаментіндегі +8 (7252)35-33-68 телефон нөміріне хабарласу арқылы ақпарат алуына болады.

– Алимент өндіру өзекті мәселе. Берешегін төлемей, алған несиеңі кешіктіріп немесе мүлде қайтарудан бас тартатын азаматтардың жолы әйтеуір бір сот орындаушылармен



Нұржан МАХАМБЕТОВ, Шымкент қалалық Әділет департаментінің басшысы:

# «ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ПАРЫЗ»

тоғысатыны белгілі. Осы орайда сот орындаушылардың жұмысына да тоқтала кетсеңіз?

– Шымкент қаласының Әділет департаментінде борышкерлерден атқарушылық іс жүргізу бойынша атқарушылық құжаттардың талаптарын мәжбүрлеп орындау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда Шымкент қаласының аумағында 9 мемлекеттік сот орындаушы және 131 жеке сот орындаушы қызмет атқаруда.

Ағымдағы жылы сот орындаушылардың өндірісінде 273 285 іс болса, оның 103 617-сінде атқару өндірісі аяқталып, қазіргі таңда 169 668 іс орындалу барысында. Оның ішінде әлеуметтік маңызы бар санаттағы өндірістер бойынша, яғни алимент өндіру санатындағы атқару өндірістері бойынша 12 096 атқару өндірісі орындауда болса, оның ішінде 2 089 іс аяқталып, бүгінде 10 007 атқару өндірісі орындалу барысында.

Бұдан бөлек, сот орындаушыларының ұсынысы негізінде 145 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 45 борышкердің жүргізуші куәлігі анықталып, олардың қолданылуына уақытша тыйым салынды, мүлкі анықталған борышкерлердің жылжымалы және жылжымайтын мүліктеріне тыйым салынып, қарыз берешегі жиналып қалған екі борышкердің мүлкі сатылымға шығарылып, 2 200 900 теңге ақша қаражаты өндіріп алушыларға төленген.


Сот орындаушылары тарапынан мәжбүрлеп өндіру шаралары тиісті деңгейде атқарылғандықтан бұл көрсеткіш бүгінде 711 іс бойынша 181 млн теңгеге төмендеді.

Борышкерлерге қатысты Қазақстан Республикасынан шығуға шектеу шарасын қабылдау бұрын сот орындаушының құқығы ретінде көзделген болса, енді осы шараны қолдану сот орындаушының міндеті ретінде бекітілген. Мұндай шара 40 АЕК және одан көп мөлшердегі қарыздар бойынша қолданылады (бұрын – 20 АЕК асатын сомалар бойынша).

Сонымен қатар, сот орындаушы алимент берешегін үш ай сайын анықтау қажет. Алимент берешегін анықтау туралы қаулылар өндіріс тараптарына 3 күннің ішінде таныстыру үшін жолдануы тиіс.

– Қазіргі таңда көптеген салалар цифрлы Қазақстан бағдарламасы аясында цифрландырылып, онлайн жүйеге ауысты. Осы орайда азаматтық хал актілерін тіркеу, жылжымайтын мүлікті тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы мемлекеттік қызметтер қаншалықты оңтайландырылды?

– Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мақсатында «Неке (ер-



лі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне бірнеше өзгерістер енгізілді.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін барлық тіркелген азаматтық хал актілерге эксаумақтық қағидаты енгізіліп, қайталама куәліктері мен анықтамалары беріледі.

Азамат қай аумақта туылғанына қарамастан, кез келген тіркеуші мекемеде қайталама туу туралы куәлігін алуына болады. Сондай-ақ бұл электронды түрде мемлекеттік қызметтерді алуға, демек мектепке дейінгі балабақшаға кезекке тұруға, медициналық мекемелерге тіркелуге, мекенжайы бойынша әлеуметтік көмек алуға өтініш білдіруге мүмкіндік береді.

Туылған нәрестенің анасының жеке басын куәландыратын құжатының болмауына қарамастан, тіркеліп, туу туралы куәлік рәсімдеу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл ретте, баланың азаматтық мәселесі шешілген.

Енгізілген өзгерістер бойынша туу туралы электронды портал арқылы тіркеу механизмін кодекстің 187-бабында көзделгендей, баланың тууын тіркеу үшін туу туралы медициналық куәлік немесе туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі негіз болып табылады.

Медициналық ұйымнан тыс жерде, оның ішінде үйде босанған жағдайда, туу туралы медициналық куәлікті анасының жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес босанғаннан кейін ол өтініш жасаған медициналық ұйымның қызметкері немесе босандырған және жеке медициналық практикамен айналысатын жеке адам рәсімдейді.

Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде дәлелді себеппен ата-анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайда, ата-анасы туралы мәліметтер неке кию туралы куәлікке не неке кию туралы акт жазбасына сәйкес толтырылады. Бала медициналық ұйымда туылған және анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайларда, туу фактісін тіркеу кезінде ол туралы мәліметтер анасының өтініші бойынша және туу туралы медициналық куәлікке сәйкес толтырылады,

тіркеу туралы өтініш бермесе, онда тіркеуші орган акт жазбаларына сүйеніп мемлекеттік тіркеу негізіне сәйкес қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы жазбаны өз бетінше жүргізеді.

Яғни кодекстің талаптарына сәйкес, қайтыс болу туралы дәрігерлік куәлігін ұсынғанда «АХАТ ТП» ақпараттық жүйесіне интеграцияланған медицинаның программалық жүйелеріне уақытылы және түгел енгізілуі тиіс.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар осы «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісін орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші арқылы немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтініш

береді, [www.egov.kz](http://www.egov.kz) арқылы жүзеге асырылады.

– Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу саласында қандай жаңашылдықтар бар?

– Биылғы жылы Мемлекет басшысының бастамасы бойынша НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманы қалпына келтіру бойынша заңнамалық түзетулер енгізілді. НҚА жобаларына ғылыми сараптама жүргізудің басты мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тиімділігін арттыру болып табылады. Осы мақсатта 2020 жылғы 16 шілдеде Үкімет қаулысымен (№451) НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу қағидалары бекітілді. Жоғарыда аталған қағидалардың 5-тармағында көрсетілген НҚА жобаларынан басқа жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу міндеттілігі қолданысқа енгізілді. Бүгінде Шымкент қаласының Әділет департаментімен 2020 жылы азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты жергілікті мемлекеттік органдардың 61 НҚА мемлекеттік тіркеуден өтті. Еліміздің кез келген азаматы заңнама жаңалықтарымен, сондай-ақ барлық әділет органдарымен тіркелген және ресми жарияланған НҚА-мен «НҚА эталондық бақылау банкінде» Әділет министрлігінің интернет-ресурсы арқылы таныса алады.

Жоғарыда аталған, яғни іске асырылып жатқан жұмыстардың барлығы еліміздің экономикалық өсуі мен халықпен кері байланыс орнатудағы басты бағыттар. Елбасының мемлекетіміздің тағдыры үшін маңызды құжатында айтылған мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға қойылатын талабы «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да, жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса екен»,– деген жұртшылықтың пікірімен үндескендей. Халықтың игілігіне қызмет ету әр азаматтың, оның ішінде мемлекеттік қызметкердің парызы.

– Сұхбатыңызға рақмет. Жұмыстарыңызға табыс тілейміз!

Ерсұлтан ӘМІРБЕК  
ШЫМКЕНТ

## ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР МҮДДЕСІ НЫҒАЯДЫ

2020 жылғы маусымда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК) қабылданды. Бұл Қазақстанның құқықтық жүйесінде маңызды реформалардың бірі болды. ӘРПК 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енеді. Қазіргі уақытта бұл бағытта тиісті жұмыстар жүргізілуде, жаңа соттар құрылады, оларға судьялар іріктеліп, оқытылып жатыр. Осы кезге дейін мемлекет пен азаматтар арасындағы даулар жалпы юрисдикциядағы, азаматтық соттармен қаралып келген. Енді даулардың бұл санаттары жаңа әкімшілік соттарда қаралатын болады.

Жаңа кодекстің жаңалығы – жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын нығайту. Азаматтың мемлекетпен, билік органдарымен теке-тіресінде соңғыларының күші басым екені даусыз. Міне жаңа кодекстің мақсаты осы теңсіздікті жою.

Кодексте соттың белсенді рөлі арнайы принцип ретінде бекітілген. Бұл соттың тараптардың ұсынған дәлелдемелерімен ғана

шектелмей, өзі қажет деп санайтын істің барлық мән-жайларын тыңғылықты зерттеу құқығын, дәлелдемелер жеткіліксіз деп санайтын болса өз бастамасымен дәлелдемелер жинақтау мүмкіндігін, әкімшілік орган өзінің дұрыстығын дәлелдеуі, сот сұратқан құжаттармен мәліметтерді беру міндеттілігін көрсетеді.

Талап қоюшы азаматқа мемлекеттік органдармен салыстырғанда әлсіз тарап ретінде көмектесе отырып, сот іс бойынша шындыққа жетуіге, заңдылық пен әділдіктің сақталуына ықпал етеді.

Сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені

туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сот жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұғғарымын орындамағаны үшін сот осы сот актісінде ол бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататын мерзімді көрсете отырып, жауапкерге елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

ӘРПК-тің негізгі міндеттері жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу; тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету; жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту.

Н.БАҚТЫҒАЛИЕВ,  
Темір аудандық сотының төрағасы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МІНБЕР

Тәуелсіздік туралы айтқан кезде біз әлі күнге дейін тек сыртқы саясаттағы жетістіктерді тізбелеумен шектелеміз. БҰҰ деңгейінде мойындалған 193 елдің қатарында екенімізді, Орталық Азияда ғана емес бұрынғы кеңестік республикалар арасында да алғашқылардың бірі болып бұл әлемдік қауымдастықтың Қауіпсіздік Кеңесінің 2017–2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі, ЕҚЫҰ–2010 саммиті, Қысқы Азияда ойындары – 2011, Қысқы универсиада – 2017 және «ЭКСПО–2017: Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізгенімізді мінбелерде үлкеннің де, кішінің де аузынан жиі естуге болады.

ҰРАННАН ІСКЕ КӨШЕТІН  
КЕЗ КЕЛДІ



Мақтанған жақсы, алайды экономикадағы бірін білместікпен, екіншісін немқұрайдылықпен, үшіншісін асығыстықпен жіберген қателіктерімізді де жасырмай ашық айтып, одан сабақ алған жөн болар. Мәселен, 1991 жылы Тәуелсіздік алған кезеңде Қазақстанның үлесінде қорғасын, мырыш, титан, магний, қалайыны өндіруде одақтық өндірістің 70 пайызы, фосфор мен хром өндірісінің 90 пайызы, күміс пен молибденнің 60 пайыздан астамы болды. Еліміз әлем бойынша қорғасын, вольфрам және барит қорларынан бірінші; күміс және хромит қорынан екінші; мыс, марганец, флюорит бойынша үшінші; молибден қорынан төртінші; алтын қоры бойынша алдыңғы 10 елдің қатарында болды. Сондықтан нарықтық реформалар басталған кезде республиканың даму жолын қазба байлықтармен ғана байланыстырып, агроөнеркәсіп назардан тыс қалып қойды. Дәнді дақылдар мен мал өнімдерінің де ірі өндірушісі болғанына қарамастан жер көлемі бойынша дүниежүзінде тоғызыншы орын алатын республикада ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы ішкі өніміндегі үлесі бүгінгі таңда 5,1 пайыз ғана болып отыр. Ал ол 1990 жылдары 40 пайызды құраған болатын. Ұлттық статистика бюросының 2020 жылғы 12 желтоқсандағы мәліметіне қарағанда, 18,8 млн халықтың 41 пайызы немесе 7,7 млн ауылда тұрады. Оның 73,7 мыңы ауыл, орман және балық шаруашылығында қызмет етеді. 3 тоқсанда ондағы қызметкердің орташа жалақысы 142 589 теңге болған. Бұл экономикалық қызмет түрлерінің ішінде сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау саласы қызметкерлерінен (132 041 теңге) кейінгі ең төменгі айлық. Оның өзі әр өңірде әртүрлі. Егер республикадағы 6416 ауылдың 3477-сінің ғана атқарушы билік органдары тарапынан даму әлеуеті бар деп танылғанын ескерсек, ауылда тұратын ағайынның жарқын болашақтан үміті әлі көмескі боп тұрғанын аңғару қиын емес.

Ал экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қордаланған мәселе көп. Ол тек соңғы 30 жылда ғана қалыптасқан жоқ. Оның негізі қазақ жерінің патшалық Ресей тарапынан отарлануынан бұрын басталып, Кеңестік дәуірде шарықтау шегіне жақындады. Бұл туралы XIX ғасырдың бас кезінде Алаш қозғалысының аса көрнекті өкілі Әлихан Бөкейханұлы да: «Адам баласының өзге хайуаннан айырмасы, бұларда ақыл, қол шеберлігі болады. Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Дүниедегі жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұртың қолына ауып барады», – деген болатын.

Оны ұлт ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді көп есе қымбатқа сатып алады. Бұл – надандықтан келген кемшілік. Өткенге салауат, ол үшін біреулерге ренжу керексіз, алдымен кінәні өзімізден іздейік. Біз – енжар халықпыз, қиялға берілгішпіз. Біз төніп келген қауіпке уайымсыз қарап отыра бердік, бұдан былай өткенге уайым шеге бермей, сағым қумай, қараңғы қалыпта қала бермей, енді ғана жүйеге түсіп келе жатқан істерімізге батыл кірісейік. Басқалардың қолынан келетін істерге біз де үйренейік. Сонда ғана біз өз үйімізде жетімектің күйін кешпейтін боламыз», – деп ары қарай тарқата түсті.

Кейін бұл идеяны Смағұл Сәдуақасов 1925 жылы жа-

зылған «Жаңа дәуірдің негізгі мәселелерінің бірі» деген мақаласында: «Баяғы көйлекті шекпенмен киген заман енді қайтып келмейді. Сондықтан мата (кездеме) шығаруды барынша жолға қоюымыз керек, ол үшін жүннен мата тоқитын фабрика керек, сонымен бірге Түркістанның бізге қосылған ауданында өндірілетін мактадан да мата тоқитын фабрика салуға тез арада қам қылуымыз керек», – деп жалғастырды.

Ал 1928 жылы «Правда Востока» газетіндегі «О национальностях и националах» деген мақаласында қазақ крайкомының басшысы И.Голощекиннің «Қазақстанда өндіріс ошақтары болса, қазақ елі өз алдына оқшауланып кетеді» деген сөзін сынайды. «Қазақстанда шойынжол салсақ, онымен жуылған жүн тасыған дұрыс па, жоқ, дайын кездеме мен киім тасыған дұрыс па? Қазақтың жүні тек Мәскеуде ғана кездеме мен киімге айналудың қаншалықты қажеті бар? Егер, біз өзімізде өндірісті дамытсақ, онда ауылдағы «екі қолға бір жұмыс» таппай жүрген адамдарды жұмыспен қамтамасыз етеміз, сол арқылы ауыл адамдарын қалалар мен қалалық поселкелерге қоныстандыруға жол ашамыз, яғни, елді мәдениетті болуға қарай сүйрейміз, сондықтан біз индустрияландыруды үлкен күшпен дамытуға тиіспіз, сол арқылы біз ауыл шаруашылығын да рационализациялауға қол жеткіземіз», – деген С.Сәдуақасовтың сөзі әлі өзектілігін жойған жоқ.

XXI ғасырға аяқ бассaq та индустрияландыру ауылға әлі жеткен жоқ. Егер инвесторларды алдымен агроөнеркәсіпке тартып, шикізатты күрделі өңдеуден өткізіп, түрлі өнім шығаратын өндіріс орындарын қалада емес, ауылда ашуға мүмкіндік жасағанда қазақтың алтын бесігі саналатын ауыл қазіргідей жағдайда болмас еді. Агроөнеркәсіп кешенінде жұмыспен қамтылғандардың үлесі де бұл күнде 20 пайыздан әлдеқайда көбірек боларына еш күмән болмас еді. Екінішке орай сұраныс пен ұсынысты жан-жақты ойластырып, барлық тарапқа тиімді жүйе мен қажетті құралдар болмағандықтан күнкөріс үшін ғана қалаға ағылған халықтың көші-қоны әлі төластамай отыр. Егер экономикалық негізі дұрыс есептеліп, даму бағдарламалары белгілі бір жүйімен кешенді түрде қарастырылғанда жыл сайын жоғары және кәсіптік техникалық оқу орындарын бітіретін жүз-деген мың жас маман, өзге саладан нәпақы іздемей өз мамандығы бойынша ауылға оралып, оның дамуына өз үлесін қосар еді. Бұл еңбек өнімділігін еселеп арттырып, ауыл шаруашылығының жалпы ішкі өнімдегі үлесін ұлғайтып, экономикалық қызмет түрлерінің ішінде сала қызметкерлерінің өзінің лайықты орнын иеленуіне жол ашары даусыз.

Мәселен, биыл 10 айда елімізде 2304,3 млрд теңгенің мал шаруашылығы, 3583,1 млрд теңгенің өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірілген. Егер қантар-қыркүйек айлары аралығында мал және өсімдік тектес өнімдер мен дайын азық-түлік тауарларының импорты 2 861 427,6 мың долларды, экспорты 2 119 908,5 мың долларды құрағанын ескерсек Қазақстанды агроөнеркәсібі дамыған елдердің қатарына қосуға ауыз бармайды. Өйткені пайызға шаққанда бұл импорттың – 10,4; экспорттың – 6 пайызын ғана құрайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ТАҒЫЛЫМ

ҚАЗАҚТЫҢ  
ҰМЫТ ҚАЛҒАН БИЛЕРІ

Тәуелсіздік алып, жеке ел болғанымызға отыз жылға жуық уақыт болды. Бұл халқымыздың өткенін түгендеуге, ескі мұраларымызды игеріп, зерттеуге жеткілікті мерзім. Тарихты тану ешқашан назардан тыс қалмауы керек. Себебі, болашақ кешегіні ұлықтаудан бастау алады. Осы ретте тарихта аты қалған қазақ билерінің ақамдағы рөлі, ел ішіндегі беделі туралы айтпай кету мүмкін емес.

Біз бүгін қу дауысты Құттыбай ағамыздың рухына бас ие тағзым етіп, оның ұрпаққа қалдырған асыл мұраларын сөз еткелі отырмыз. Құттыбай би тек Аягөз өңірінің ғана емес, алыс-жақынға еңбегі сіңген көрнекті би. Ол аймағынан асып, сыбан, найман елінің хандық дәуірдегі басты адамдарының бірі болды, ел басқарып, келелі сөзге көпті ұйытқан кемеңгер биге, көсем басшыға айналды. Уақыт қанша ұмыттырды дегенмен, Құттыбай бағамыздың атқарған келелі істері төңірегінде айтылатын көшелі әңгімелер, тарихта таңбаланып қалған деректер ара-тұра шежірелерден ұшырасады. Осы сөзді тыңдап отырғанда тыңдаушы қауым би-шешендерді әдебиет сияқты үздік өнер өкілдерінің қатарына жатқызуға бола ма деп сұрауы да мүмкін. Болады, әрине. Тек қазақ әдебиетінде ғана емес, күллі дүние әдебиетінің тарихында шешендік өнер – сөз өнерінің ежелден халық арасында үзілмей келе жатқан ақыл-ойдың кеңі, бастау-бұлағы, қайнар көзі боп саналады. Аягөз өңіріндегі Құттыбай ұрпақтары бүгінгі күні өзінің ұлы атасына құрмет ретінде ескерткіш белгі орнатып, перзенттік парызын адал атқаруда.

Біздің ата тарихымызда артындағы ұрпаққа өнегелі іс, өшпес мұра қалдырған ақын-жыраулар, тұлғалар жеткілікті. Олардың көпшілігі хатқа түсіп, зерттеліп, көпшіліктің рухани игілігіне айналған. Алайда түрлі себептермен халық жадынан ұмытылып, мүлде өшіп кеткен есімдерді қайта жаңғырту ұрпақ үшін қажет. Өз кезінде істеген қызметі мен қалдырған мұрасы жөнінде анық деректер сақталып, еш жерде ұзақ уақыт айтылмай келген есімдерді қайта жаңғырту ұрпақ үшін қажет. Өз кезінде істеген қызметі мен қалдырған мұрасы жөнінде анық деректер сақталып, еш жерде ұзақ уақыт айтылмай келген есімдерді қайта жаңғырту ұрпақ үшін қажет. Өз кезінде істеген қызметі мен сөздерінің зерттелуі жеке арнаға тоғысады деген үміт бар.

Қазақтың орақ тілді данышпан тұлғаларының тағы бірі – Едіге би. Қолда бар деректер бойынша ол Токтамыс хан тұсында (XIV-XVғ) өмір сүрген. Дала перзентінің бойындағы даналық қой қайтарып, қозы қуып жүрген тұста-ақ белгілі болған. Аңыз әңгімелерді қарап шығатын болсақ, Едіге билің хан алдында қаймықпаған ерлігі, ақыл мен күш-қуат берген кемеңгерлігі жайлы көп жазылған. Ел жадында Едіге би – батыр, көсем, шешен, дана. Сондықтан, халықта «Ел қамын жеген Едіге» деген ұғым қалыптасқан.

Едіге бидің билігі туралы дерек көздерінен алған әңгімелерінен үзінді:

«Бір күні оған орталарында бір аяғы ақсақ жетегі бар төрт жолаушы ұшырасады. Төртеуі ағайынды екен. Біздің еншімізге тигені осы ақсақ мал, ортамыздағы бір қара еді. Басы үлкен ағамызға, төрт аяғы төртеуімізге тиесілі. Осы ақсақ мал барып, көпірдің егініне түсіпті. Кәпір төрт аяғының тиген жеріне төрт жүз ділдә сұрайды. Біздер соған даулы болып отырмыз. Егер сен би болсаң төрелігін қалай айтар едің, қойшы бала, – дейді бұған. Сонда Едіге: «Алла аузыма салса айтамын», – дейді жұлып алғандай. «Мынау ақсақ аяғы қайсыңызға тиесілі», – деп сұрайды алдымен. Ең кішісі: «Маған тиіп еді» – дейді. «Ендеше сен төлеуден бейдімақ бол», – дейді Едіге. Ділдәнің екі жүзін басын алған ағаң тартсын, өйткені малды егінге көзі көріп, басы сүйреп алып барады, екі жүзін екі ағаң тартсын, өйткені ауру аяқты сүйреп апарып бастырған сау аяқ. Үш ағасы бұл төрелікке көнбей, Токтамыс ханға барады. Хан алдында кішісі: «Біз жол бойы бір балаға жүгініп едік, ол мынадай төрелік айтты», – деп болған жайды жайып салды: «Баланың берген төрелігі – әділ, мен ондай

төрелік бере алмас едім», – дейді.

Тағы да бір күні атан түйені жетелеген, екі адам Едігені көріп: «Әй, қойшы, осы түйеге даулымыз, төрелігін бересің бе?» – деп сұрайды. «Беремін», – дейді қойшы бала жасқанбай. «Осы түйе менікі. Бота кезінде жоғалған. Атан болғанында танып отырмын. «Ұрлаған ұрым – мынау», – дейді екіншісін нұсқап. Едіге екеуіне түйенің енесін тауып әкеліндер дейді. Екі інген келтірілген соң, Едіге атанның тақымына бұрау салып, бұрайды. «Жоғалтып едім» деген жоқшының інгені боздап атанның үстіне түсе қалады. Сонда бала: «Мұның ұрлатқаны, сіздің ұрлағаныңыз шын екен. Түйесін қайтарыңыз», дейді. Екіншісі бұл төрелікке көнбеймін деп, Токтамыс ханға барады. Түйесін таныған бірінші адам ханға: «Осындай бір төрелік айтып еді», – дейді, «Ендеше, сол төрелікке тоқтап, түйесін қайтарып беріңіз», – депті хан.

Қой бағып жүрген Едіге тағы бір күні орталарындағы бір балаға таласып келе жатқан екі әйел мен екі еркекке кезігеді. «Әй, қойшы, біз даулы болып келеміз, төрелік бересің бе?» – дейді жамырап. «Төрелігіме тек разы болыңдар», – дейді. «Осынау баланы бесікте жоғалтып едік, жүгіріп жүргенде танып отырмыз» дейді бір жұп жұбайлар. «Он ай көтеріп омыртқамды сөгіп тапқан балама жала қылады» деп зар қағады қалған екеуі. Едіге төртеуіне де: «Берген төрелігіме көнесіздер ме?», – деп сұрайды. Төртеуі де «көнеміз» дейді.

Сонда Едіге баланы екі қолынан екі әйелге ұстатады. Едіге: «Даулы баланы семсермен екеуіңізге қақ бөліп беремін», – деп, семсерді көтере бергенде, «жоғалтып едім» деген әйел білегінен ұстай алады. «Өлтір-меніз, – дейді жалынып, – менен туған бала болса, өскенде мені бір табар, әзірше мынауақ алсын». Едіге үндемеген әйелге: «Сенің ұрлағаның шын екен, өлтірсе өлтірсін деп үндемедің, мынаның баласын өзіне бер», – дейді. Өзім таптым деген еркек пен әйел «бұл төрелікке көнбейміз» деп Токтамыс ханға барады. Төрелік тимеген әйел мен еркек ханға: «Даулы болып, сізге жүгінуге келдік», – дейді. Болған жайды әбден тыңдап болған хан: «Қойшы баланың берген төрелігі – төрелік, ондай төрелікке кесу айта алмаймын», – дейді. Мұнан соң Токтамыс хан: «Мұндай төрелік айтқан қандай бала, кім де болса мұнда шақырыңдар», – деп бұйырады. Дерев Едігені хан алдына алып келеді. «Төрт рет төрелік айтқан сен бе?», – деп сұрайды.

Иә, мен едім тақсыр!

Атың кім?

Едіге.

Баланың киімдері көнетоз екенін байқаған хан үстіндегінің бәрін тастатқызып, жаңа киім кигізеді. Сондағы айтқаны:

Жауырыңдары жақталы,  
Түйме баулы тартпалы,  
Ал қаракес тон берді,  
Мұны үстіне ки деді,  
Көкала жорға мін деді,  
Көнте белбеу бу деді,  
Тұтам бауы сом алтын  
Ақсұңқар құс беремін,  
Ұшан теңіз шүй деді,  
Қырымнан қиын дау келсе,  
Төрелігін соның бер деді.  
Қырымнан қалың жау келсе,  
Едігем, соны қыр деді.

Едіге дауды бітістіріп, жаудың бетін қайтарды. Токтамыс хан болса ел тыныштығын бұзбастан, жұртының алдында беделі өсе берді.

Қорыта келе, қу дауысты Құттыбай би мен Едіге бидің қазақ халқының даналығын бойына сіңірген және де еліміздің ескі әдеп-ғұрып заңдарын терең біліп, оны билік жүйесіне әділ қолданып, даңққа бөленген, айтқан билігіне үлкен-кішіні уыздай ұйытып, елдің құрметіне бөленген билеріміз – артына көрнекті мұра қалдырған тұлғалар.

Атимбек ЖҰМАБЕКОВ,  
Көкшетау қалалық сотының судьясы

ШЕНЕУНІКТІҢ ЖЕҢІСІ



**Ақтөбеде қылмыстық қудалауға заңсыз тар-тылып, кейін ақталып шыққан шенеунік Жанар-гүл Дүйсекенова Қаржы министрлігінен 800 мың теңге өтемақы өндіріп алды.**

Ақтөбе әкімдігінің тұрғын үй қатынастары бөлімінің бұрынғы басшысы Жанаргүл Дүйсекенова 2019 жылдың сәуірінде қамауға алынған еді. Оған «қызметтік жағдайын пайдаланып, алаяқтық жаса-ды» деген айып тағылған болатын. Тергеу орган-дарының мәліметінше, «ол басқа адаммен сөз байласу арқылы мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер алып беремін деген желеумен Ақтөбенің 50-ге жуық тұрғынын алдап соққан».

Қылмыстық іс бойынша келген шығын мөлшері шамамен 100 миллион теңгені құраған. Алайда 2020 жылдың 19 ақпанында Жанаргүл Дүйсекенова кінәсіз

деп танылып, сот үкімімен ақталып шыққаны белгілі. Шенеунік 1 жылдан астам қылмыстық қудалауда болды. Бес ай бойы тергеу изоляторында отырған ол кейін денсаулығына байланысты қолхатпен бостан-дыққа шықты. Заңсыз айыпталып, кейін ақталып шыққан шенеунік Қаржы министрлігін сотқа беріп, 3 миллион теңге өтемақы талап еткен. Жақында Ақтөбе қаласының соты мемлекеттік қызмет-кердің талабын ішінара қанағаттандырды. Енді оған Қаржы министрлігі 800 мың теңге өтемақы төлеуі тиіс. Бұған қоса ол соттан полицияның кешірім сұра-уын талап еткен еді. Алайда сот одан бас тартты. Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,  
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ҚҰРЫҚ

# ОҢАЙ ОЛЖА ОРҒА ЖЫҚТЫ

Алдын ала сөз байласқан екеу Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округіне қарасты «Богас» өзенінің бойындағы «Ағзам» шаруа қожалығының малшы вагонында, мал сатып алып жүргендермен кездесіп, 7 бас жабағыны әрқайсысын 120 000 теңгеден сататын болып өзара келіскен.

Әрине сөз байласқан ұрылар жабағының бағасы бұлар келіскен багадан қымбат тұратындығын білген. Бірақ олардың бөтеннің малын ұрлап әкеп сатып жіберу арқылы оңай олжаға кенелеміз деген пайдакүнемдік пиғылы мал сатып алушыларды кезіктіргені қылмыстық әрекетке тездетіп кірісулеріне түрткі болады.

Олар өткен жылдың соңында бөтеннің малын ұрлау мақсатында алдын ала келісілгендей өздерінің басқарып жүрген «Ағзам» шаруа қожалығына тиесілі мотоциклдерімен ауыл малын дала жайылымында жүрген жерлерінен қайырып әкеп, Мамырбековқа тиесілі 4 бас (әрқайсысының құны 160 000 теңге, жалпы құны 640 000 теңге), Жунусовқа тиесілі 2 бас (әрқайсысының құны 160 000 теңге, жалпы құны 320 000 теңге), Хабаровқа тиесілі 1 бас (құны 160 000 теңге тұратын) барлығы 7 бас алты айлық жабағыны сатқан. Малды сатып алушылар «Газель» маркалы (мемлекеттік нөмірі 119 SAZ 16 Жексенбиновке тиесілі) автокөлігіне тиеп әкеткен. Мал сатушылардың жекеменшік жылқы малдары болмағанныан ветеринариялық



анықтаманы басқа адамдардың аттарынан жасатып алған. Осымен іс бітті, мал алушылар кетті.

Малы жоғалғандардың арызы бойынша аудандық полиция бөлімімен ұйымдастырылған жедел іздестіру шараларының нәтижесінде Үржар ауданы Алтын-шоқы ауылындағы бір адамның мал қорасынан жоғалған жабағылар табылған. Ұрланған малдар иелеріне қайтарылды. Оңай олжа таппақ болғандар анықталып, қолға түсті.

Сотталушылардың аталған қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған кінәсі олардың айыптарын мойындап берген жауаптарынан басқа, оқиға болған жерді қарау, заттай айғақтарды алу, дәлелдемелерді сол жерде тексеру мен нақтылау, тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, іс бойынша заттай дәлел ретінде танылған айғақтармен сонымен қатар куәнің, жәбірленушінің жауаптарымен және басқа да сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жиналған құжаттармен дәлелденді.

Жоғарғы Сотының 25.06.2015 жылғы №4 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысына сәйкес ҚК-нің 11-бабында көзделген оның ауырлығын, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кездегі мән-жайлардың жиынтығын ҚК-нің 52-бабындағы жаза тағайындаудың жалпы негіздері, 53, 54-баптардағы қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескерілді. Кінәлілер ҚК-тің 188-1 бабының 2-бөлігінің 1) тармағында бөтеннің малын жымқыруды алдын ала сөз байласу арқылы жасаған адамдар тобының мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделінген. Сотқа дейінге тергеп-тексеру органдарымен сотталушының тәркілеуге жататын мүліктері анықталмаған. Сол себепті, оларға мүлкін тәркілеу ретіндегі қосымша жаза қолданылуға жатпайды.

Сот, ҚПК-нің 387,393-баптарын басшылыққа ала отырып кінәлілерге үкім шығарды.

Лунара МҰРАТҚАНҚЫЗЫ,  
Тарбағатай аудандық сотының судьясы  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПРОБАЦИЯ

# ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ



Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Қайырымдылық көмекті игі дәстүрге айналдырған Жаңақорған аудандық пробация қызметі жылдың басын жақсылықтан, қайырымдылық көмек көрсетуден бастады. Аудандық әлеуметтік бағдарламалар және хал әкілер тіркеу бөлімімен бірлесіп, пробация қызметінің есебіндегі тұрмыс жағдайы төмен екі отбасыға азық-түлік жеткізіп берді.

«Жақсылық жа-

сау баяғыдан келе жатқан салтымыз. Жақсылық жасау арқылы, мейірімділігімізді көрсетеміз. Пробация есебіндегі азаматтар арасында жағдайы төмен отбасылар бар. Есептегі азаматтар болған соң, бәрінің жағдайы алақандағыдай белгілі. Сол себепті үнемі азық-түлік таратып, әлеуметтік көмек түрлерін көрсетіп келеміз» – деді аудандық пробация қызметі бөлімшесінің бастығы Анарбек Искаков.

Сонымен қатар, пробация қызметкерлері олармен құқық бұзушылық жасауын болдырмау мақсатында профилактикалық мәні бар сұхбат жүргізді.

Қызылорда облысы бойынша  
Қылмыстық-атақару жүйесі департаменті

# ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

25. «Эксимбанк Казахстан» АҚ тарату комиссиясының Нұр-Сұлтан қаласы, Ғабдуллин көшесі, 18 мекенжайында орналасқан Нұр-Сұлтан қаласындағы бөлімшесі Банктің мүлкін сатуды жүзеге асырды. Сауда-саттық 2021 жылдың 19 қаңтарында сағат 11:00-де Нұр-Сұлтан қаласы, Ғабдуллин көшесі, 18 мекенжайында өтеді.

Сауда-саттық әдісі – ағылшандық, кепілдік жарна мөлшері лоттың бастапқы бағасының 5%-ын құрайды, аукцион қадамы 5%.

|                                                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ЛОТ-1. Компьютерлік бейнебақылау жүйесі. Бастапқы бағасы – 603 014,00 теңге                     |
| ЛОТ-2. «STANDING» кезекті басқару жүйесі. Бастапқы бағасы – 349 706,00 теңге.                   |
| ЛОТ -3. Бейнебақылау жүйесі. Бастапқы бағасы – 696 246,00 теңге.                                |
| ЛОТ-4. Құрылымдандырылған кабельді жүйе. Бастапқы бағасы – 303 352,00 теңге.                    |
| ЛОТ-5. Күзеттік-үрейлі дабыл қағу және бейнебақылау жүйесі. Бастапқы бағасы – 297 199,00 теңге. |

Жоғарыда аталған мүлікті сатып алғысы келетін тұлғалар аукционның басталуына бір сағаттан кешіктірмей, Банктің деректемелеріне қолма-қолсыз ақша аудару арқылы бастапқы бағаның 5% кепілдік жарнасын төлейді: БИН 980940000054, ИИК: KZ18125KZTJ001300299, БИК: NBRKKZKX Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қасалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығында.

Өтінімдерді қабылдау және аукционға қатысушыларды тіркеу сауда-саттық туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша күн сайын (демалыс күндерінен басқа) 09:00-ден 18:00-ге дейін (үзіліс 13:00-ден 14:00-ге дейін) жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін бір сағат бұрын аяқталады.

Сатушы мен сатып алушы арасындағы сатып алу-сату шартын жасағаннан кейін, сатып алушы келісімшартта көрсетілген соманы сатушының ағымдағы шотына бес банктік жұмыс күнінен кешіктірмей аударлады және оны растау үшін тиісті төлем құжаттарын көшірмесін ұсынады.

Нысандармен, сауда-саттық өткізу ережелерімен танысу үшін және басқа да ақпараттарды алуға мына мекенжай бойынша хабарласуға болады: Нұр-Сұлтан қаласы, Ғабдуллин көшесі, 18, тел.: +7 778 3888087.

26. Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 80 мекенжайында орналасқан «Эксимбанк Казахстан» АҚ тарату комиссиясы Банктің мүлкін сатуды жүзеге асырды. Сауда-саттық 2021 жылдың 19 қаңтарында сағат 11:00-де Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 80 мекенжайында өтеді.

Сауда-саттық әдісі – ағылшандық, кепілдік жарна мөлшері лоттың бастапқы бағасының 5%-ын құрайды, аукцион қадамы 5%.

ЛОТ-1 (консолидацияланған) Кенесге пайдалану және қызмет көрсету нысаналы мақсатындағы жер телімі, көлемі 0,0812 га (үлес) және онда орналасқан бейнебақылау жүйесі, қолжетімділік бақылауы жүйесі, күзет-ортке қарсы дабыл жүйесі және басқа да кенеснің жұмыс істеуіне қажетті мүліктері қоса салынған кенсе ғимараты, ауданы 3 795 ш.м., Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 80 мекенжайында орналасқан.

Жер телімі: көлемі 0,2806 га, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 80 мекенжайында орналасқан, нысаналы мақсаты – паркінгі бар бизнес-орталық салу және қызмет көрсету. Бастапқы бағасы – 2 181 027 137,00 теңге.

ЛОТ-2 (консолидацияланған) Жылжымалы мүлкі және көлемі 0,7500 га жер телімі бар үш қабатты ғимарат, ауданы 3 987,8 ш.м. Мекенжайы: Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Қапшағай су қоймасының оңтүстік-батыс жағалауы, №110 ғимарат. Ривьера демалыс базасының мүлкі. Бастапқы бағасы – 573 989 548,00 теңге.

ЛОТ-3 Жер телімі, көлемі 0,1500 га, мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ерменсай ықшамауданы, 3 бұрылас, 14/1 учаске, нысаналы мақсаты – жеке тұрғын үй құрылысы. Бастапқы бағасы – 35 225 760,00 теңге.

ЛОТ-4 KISAN K-500 PRO банкноттарды іріктеу аппараты. Бастапқы бағасы 411 600,00 теңге.

ЛОТ-5 SWITCH CISCO/WS-C3850. Бастапқы бағасы - 2 860 720,00 теңге.

Жоғарыда аталған мүлікті сатып алғысы келетін тұлғалар аукционның басталуына бір сағаттан кешіктірмей, Банктің деректемелеріне қолма-қолсыз ақша аудару арқылы бастапқы бағаның 5% кепілдік жарнасын төлейді: БИН 980940000054, ИИК: KZ18125KZTJ001300299, БИК: NBRKKZKX Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қасалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығында.

Өтінімдерді қабылдау және аукционға қатысушыларды тіркеу сауда-саттық туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша күн сайын (демалыс күндерінен басқа) 09:00-ден 18:00-ге дейін (үзіліс 13:00-ден 14:00-ге дейін) жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін бір сағат бұрын аяқталады.

Сатушы мен сатып алушы арасындағы сатып алу-сату шартын жасағаннан кейін, сатып алушы келісімшартта көрсетілген соманы сатушының ағымдағы шотына бес банктік жұмыс күнінен кешіктірмей аударлады және оны растау үшін тиісті төлем құжаттарын көшірмесін ұсынады.

Нысандармен, сауда-саттық өткізу ережелерімен танысу үшін және басқа да ақпараттарды алуға мына мекенжай бойынша хабарласуға болады: Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 80, тел.: +7 (727) 266-39-17.

2. ҚҚИҚ 11.01.2021 ж. сағат 15.00-де Алматы қаласы, Қажы Мұқан көшесі, 86-үй мекенжайында жалпы жиналыс өтетіні туралы хабарландырады.

5. Ақтөбе облысы МАЭС-ның 25.12.2020 ж. ұйғарымымен «Имущественный комплекс Дворец Спорта «Конус» ЖШС-не, БСН 060340012629, оналту рәсімі қолданылғаны туралы азаматтық іс қозғалды

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**  
Тел.: 8(727) 292-29-27,  
292-40-89,  
факс: 8 (747) 428-26-10

**E-mail:**  
**zanreklama@mail.ru**

«GoldKapital» ЖК  
**Нұр-Сұлтан қаласы**  
Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.  
Тел.: 8 (7172) 52-02-11

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

**ЖК «Қандыбаева»,** Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенті: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 **www.gazetyisaity.kz**, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

**Арлан-консалтинг ЖШС,** Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

**ЖК «TRade and service»,** Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

**ЖК «Gold Capital»** Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

**«Айди» ЖШС,** Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, БП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.:

87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.» 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Мопания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ., пр. әл-Фа-

раби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.** Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажимаева,** Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Service»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**ЖК «KAIROС»,** Алматы қ., Жібек жолы көшесі, 55, Алма сауда орталығы, 4-қабат, 419в-бөлім, 426-нүкте. Тел.: 2714939, ұялы тел.: 8707-705-9222 Email:kaldybayeva@mail.ru.

### Жолға

Демалысты пайдаланып ауылға шыққан МАИ қызметкері жол шетінде тұрған «Жигули» көлігін көрді. Ол кезде бүгінгідей теп-тегіс, данғыл асфальт жол да, жүйтікiген көлік те жоқ. Сондықтан болар қозғалыссыз тұрған көлік бiрден ел назарын ерiксiз аудартатын. Күн көзi арқан бойы көтерiлiп кетсе де, әлгi «Жигулидiң» орнынан қозғалар түрi жоқ. Жанында қыбыр еткен бiрде-бiр жан көрiнбейдi. Сырттан қарағанда мұның бәрi күдiк тудырады.

Қызмет барысында әр жағдайға күмәнмен қарауға дағдыланған МАИ қызметкерi дереу автобусты тоқтатып, аса сақтықпен көлiкке жакындады. Терезеден iшке үңiлсе, сұмдық! Кескiн-келбетi еуропалыққа ұқсайтын жiгiттiң оң жақ шекесi қан-жоса, көлiктiң алдыңғы жағына басын сүйеген күйi отыр. Қан iздерi көлiк iшiн былғап тастапты. Қанның қатып қалғанына қарағанда, оқиға түнде болғанға ұқсайды.

МАИ қызметкерi бұл жайтты дереу аудан орталығына хабарлады. Көп ұзамай оқиға орнына жеткен қылмыстық жедел-iздестiру тобы тiнту, зерттеу жү-

жолдан келгендей шаршаңқы күйде болған. Осы жағдай ескерiле отырып, Святухалардың жездесi басты күдiктi деп танылды.

### Суыт хабар

Ағайынды Святухалардың оқыс өлiмi бiраз уақыт халықтың жанын түршiктiргенiмен, алты айдан кейiн ұмытыла бастаған. Алайда бұл уақытша тыныштық екен. Қантар айының бас кезiнде Арал аудандық iшкi iстер бөлiмiне суыт хабар келiп түстi.

– Терешкова көшесiндегi үйде қарт кiсi мен екi қызды әлдекiмдер өлтiрiп кетiптi, – дедi телефонның арғы жағындағы үрейлi дауыс.

Хабар келiсiмен Әйтеке Жарымбетов бастаған жедел-iздестiру тобы оқиға болған жерге дереу жеттi. Жатын бөлмеде қарт кiсiнiң, көршi бөлмеде жасөспiрiм екi қыздың мәйiтi жатыр. Үшеуi де қарағұстан ауыр жарақат алған. Оған қоса, үй iшiндегi заттардың шашылғаны, ыдыс салатын, кiтап жинайтын шкафтардың ақтарылғаны көрiнiп тұр. Қылмыскерлер әлдене iздегендей. Себебi, құжаттар орнында. Тек ақша мен бағалы заттар табылмады.



### Блес

Әйтеке Жарымбетов ерiнбей-жалықпай, бүкiл облыс бойынша iздеуде жүрген қылмыскерлер туралы хабарламаларды зерделеп отырып, Сырдария аудандық iшкi iстер бөлiмiнен келген хатқа көңiл аударды. Соның iшiнде мал ұрлығы мен тонау қылмысына сезiктi ретiнде Есмахановты ұстау жөнiндегi хабарлама күдiктi көрiнген. Мәтiндегi «ұрлық, тонау» деген жолдарды оқып, Әйтеке Жарымбетов бiр сәтке ойланып қалды. Өйткенi, бұл адамды ұрлықпен айналысады дегендi сыртынан емiс-емiс естiтiн. Бiрақ, аудан бойынша нақты Есмаханов қатысқан немесе күдiктi болған қылмыс орын алмапты. Соған қарағанда, сырт жақтардың малын ұрлап, тонаумен айналысатын шығар. Қашып жүрiп Аралда да қылмысқа баруы мүмкiн ғой!

Полковник қылмысты ашуға iлiк табылып қалар деген оймен Есмаханов туралы ақпараттарды iздестiруге көштi. Арал қаласы Гагарин көшесiндегi үйге тiркелген, оның қазiр қайда жүргенi белгiсiз, ал қарт кiсi мен жасөспiрiм қыздар тұрған үйдiң көшесiнде оның iнiсi тұратынын анықтады. «Есмаханов мал ұрлығы, тонау қылмыстарымен айналысса, оның – көздегенi ақша, пайда табу. Адамдарға күш қолданып, қарақшылықпен де айналысатын шығар, кiм бiлсiн? Ал, қанды оқиға болған көшеде оның iнiсi тұратын болса, ол қарт кiсiнiң дәрменсiз екенiн, үйiнде ересек жiгiттiң жоқтығын алдын ала бiлген. Қылмыс болған жерден Серiкбаевтың қақырығы табылғанына қарағанда, қылмысты екеуi бiрлесiп жасаған болуы мүмкiн» – дедi Әйтеке Жарымбетов.

Бiр-бiрiмен жанаса байланысқан деректерден осылай тұжырым жасаған полковник қайтадан Серiкбаев туралы ақпараттарды жинақтай бастады. Сөйтiп, халық iшiндегi әңгiмелерден мүгедек арбасына таңылған Серiкбаевтың елес секiлдi түнделетiп анда-санда көзге көрiнiп қалатынын анықтады. Тiптi, Серiкбаевтың үйiнде телефоны бар екенi де белгiлi болды. Осылайша, сезiк қайта күшейе түстi. Мұндай iлiктi қалт жiбермейтiн Жарымбетов жедел-iздестiру тобының мүшелерiмен ақылдаса келе, ертеңiне паспорт режимiн тексеремiз деген сылтаумен Серiкбаевтың үйiне барып, оның халiн сұрағансып керееутiне арнайы құрылғыны орнатып кеттi. Сөйтiп, елестiң сырын ашуға бiр-табан жақындай түстi.

### Құрылғы

Кешке қарай құрылғы iске қосылды. Серiкбаев әлдекiмге телефон шалды. – Ал-ло! Аға, бiздiң үйдi ментгер торуылдай бастады! Бүгiн тергеушi Әйтеке Жарымбетов паспорт режимi бойынша келiп, тексеру жүргiзiп кеттi. – Сен ештеңе сездiрген жоқсың ба?! – Жок! – Сездiрме! Бiздiкi өте ауыр қыл-

# ШЫТЫРМАН

новтың жатқан жерi туралы мәлiмет алынды.

Есмахановтың жасырынған жерi зиратқа жакын жердегi шатыры биiк үй екен. Күдiктi сол шатырдың iшiне тығылыпты. Шатыр деген аты болмаса, қонуға жайлы, ыңғайлы. Азық-түлiктi үшiншi күдiктi әкелiп отырса керек. Әйтеке Жарымбетовтың ұйымдастырумен жедел-iздестiру тобы қолайлы сәттi аңдып отырып Есмаханов пен Сатпаевты шатыр iшiнде ұстады. Артынша қылмысты ашуға себепшi болған Серiкбаев та қамауға алынды.

Тергеу барысында күдiктiлер жасаған қылмыстарын толықтай мойындады. Қарт кiсi мен жасөспiрiм қыздарға қатысты қылмысты ұйымдастырушы Есмаханов екенiн, Сатпаев пен Серiкбаев орындаушы болғанын, қарт кiсiнiң үйiнде қарулы жiгiттердiң жоқтығын бiлiп алып, ақша, дүние-мүлкiн тонауды көп уақыттан берi көздеп, түнде есiктi бұзу арқылы ұрланып кiрiп, ұйықтап жатқан қарт кiсiнi Есмахановтың, ал қыздарды Серiкбаев пен Сатпаевтың ұрып өлтiргенiн айтып бердi. Сөйтiп, олар үйдегi ақша мен бағалы заттарды алып кеткен.

Серiкбаев үйден шыға бере жөтел қысып, қақырынғанын, сыртқы көзге күдiк тудырмау үшiн мүгедектер арбасына таңылған, жүре алмайтын адамның кейпiнде жүретiнiн мойындады. Сонымен бiрге, үш қылмыскер 1988 жылдың 11 шiлдесiнде трасса бойында ағайынды Святухаларды да дәл осылай балтамен ұрып өлтiргендерiн мойындады. Бұл жайлы дереу Саратов облысына хабарланып, уақытша қамауда отырған Святухалардың жездесi босатылды.

## Қанды оқиғаның шешуі

Сол 1988 жылдың 11 шiлдесiнiң түнiнде ай жарық болды. Түн демесең, айнала тегiс көрiнетiн едi. Есмаханов, Серiкбаев және Сатпаевтың жоспарлары – мал ұрлау немесе адам тонау. Қаланың шетiнен тасалап өтiп, бiраз жер iлгерi жүргеннен соң, жол шетiнде тоқтап тұрған «Жигули» жеңiл көлiгiн көздерi шалады. Әуелгiде кiсi өлтiру ойларында болмаған. Жайлап көлiкке жакындайды. Iшке үңiлсе, екi адам ұйықтап жатыр екен. Шамасы, тынығып алайық деп алаңсыз ұйықтаса керек.

Бұлр жедел ойласып алып, Сатпаев көлiктiң оң жақ қапталынан келiп, шалт қимылмен терезенi сындырып, шырт ұйқыда жатқан жiгiттiң оң жақ шекесiнен бар күшiмен балтамен қойып қалады. Марқұм сол жерде тiл тартпай кеткен. Оқыс дауыстан шошып ояңған екiншi жiгiт есiктi ашып қаша жөнеледi. Есмаханов iзiнен қуып жетiп, оны да қарағұстан ұрып өлтiредi. Серiкбаев көлiктiң iшiне кiрiп, ағайынды жiгiттердiң ақшасын алып шығады. Осыдан кейiн үшеуi жолсызбен Аралға қарай бет алады. Жел соғып, құм суырған түнде бұлардың iзiн құм басып, жасырып тастайды.

## Сөз соңы

Тергеу жұмыстары жан-жақты жүргiзiлiп, қылмыстық iс сотқа дейiн жетiп, Есмаханов бұрынғы қылмыстары үшiн де қоса айыпталып, қоғамға аса қауiптi қылмыскер деп танылды. Сөйтiп, сот үшеуiн де адам өлтiру, тонау қылмыстары бойынша айыпты деп бас бостандықтарынан өмiр бойына айыра отырып, қатан режимдегi колонияда жазасын өтеуге үкiм шығарды.

Бұл оқиғалардан кейiн «Жамандықта – тек жоқ, жауыздықта – шек жоқ» – деген даналықтың ақиқаттылығына халықтың көзi жеттi.

Ал, аса ауыр қылмыстардың ашылуына тiкелей себепшi болған Арал аудандық iшкi iстер бөлiмi бастығының оперативтiк iстер жөнiндегi орынбасары Әйтеке Жарымбетовтың атағы нағыз iз кесушi ретiнде жер-көктi шарлап кеттi. Оның есiмi ел есiнде қақырық арқылы бес адамның өмiрiн қиған аса қауiптi қылмыскерлердi ұстаған, тұйыққа тiрелген қылмысты ашқан, iшкi түйсiгi мен тәжiрибесi қатар ұпшасқан мықты тергеушi ретiнде қалды.

**Нүргүл НҰРБАЙҚЫЗЫ, Байқоныр қалалық сотының жетекші маманы ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**

# ЗАҢ газеті

**Меншік иесі:**  
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**  
**ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор  
**Жаныхмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

#### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

**Нұр-Сұлтан** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағамбетова 8 705 398 62 83.  
**Жамбыл облысы** Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Ерсултан Әмірбек 8 775 820 36 92.  
**Шығыс Қазақстан облысы** Шадиыр Мекенбайұлы 87757335665  
Талғатжан Мұхамәдиев 8 747 746 49 82.

#### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61

**E-mail:** **zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.

**Жеке таралым 5850 дана**  
**Апталық таралым 11700 дана**

Тапсырыс №1 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

| Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.</p> <p>Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күнен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.</p> <p>Газетті есепке қою туралы <b>№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда</b> Қазақстан Республикасының Мәдениеті және ақпарат министрлігі берген.</p> <p>Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31</p> |